

Қ. Седуақасов

# Қазақстанның інжү-маржаны



Жемігүжина  
Қазахстана

Қ. СӘДУАҚАСОВ

Қазақстанның  
інжү-маржаны



Жемчужина Казахстана

Жеңказған, 1993 жыл.

## ЖЕРІ БАЙДЫҢ — ЕЛІ БАЙ

Қадым заманнан бері қалыптаскан Қазақстан жерінің аса бір қастерлі аймағы — Сарыарқа. Сарыарқаның тиңиңкаптал белгіленген шекарасы жоқ. Белгілісі — ол Қазақтың катпарлы тауы, яғни, ұсақ қыраттарын тегіс қамтиды. Былайша айтқанда, сонау күншығыстағы Тарбагайтайдан бастап, Теріскейдегі Ертіс бойымен асқақ Ұлытау мен Торған ойпатын қамти, онтүстікегі Балқаш — Алакөл айданындағынан Бетпакдала шөлін орап жатқан аймактың бәрі Сарыарқа. Ал, әкімшілік бөлу тілімен қайырсак бұл қазіргі Жезқазган, Қарағанды, Ақмола, Семей, Павлодар, Қоқшетау жоне Торғай, Қостанай облыстарын қамтитын алқап.

Аныз дала Сарыарқаның табиғатының сөні жөнінен де, тарихының мәні жөнінен де, койнауының ырысы жөнінен де, халқының тынысы жөнінен де шоктығы бөлек отау — Жезқазған облысы.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихи төрі де, қіндік жері, еп алып аймағы да, ең жас отауы да осы облыс. Шапқан аттың колтығы сөгілтін, ұшқан құстың қанаты талатын Жезқазған өнірінің жалпы ауданы 313.4 шаршы километр.

Ақаның шипалы самалы мен шөлдің ақызағынаш молгілік табиғат майданына қасқайып түрған қасиетті Ұлытау сонау Қызылтау, Ортау, Бұғылы, Бектауста, Беғазы, Қызылрай арқылы Қарқаралы мен Қоқшетауға ұласады. Осы аймакта Ашықел, Бараккелден бастап Балқаш аралығында мыңға жуық көл бар: Сарысу, Қаракеңгір, Жыланды, Жезді, Талды, Токырауын; Нұра өзендері мен мыңдаган қасқабұлактары ежелден тіршілік нәрі болып келеді. Мойынкүммен астаскан Жетіқоңыр құмы мен Бетпактың шөлі де аймактың табиғатына өзіндік әсері бары даусыз.

Тау бөктерлерінде үкілі тақиядай шок-шоқ қайың, терек, қарғай, өссе, өзен бойларына тал, мен, шілік бұрым болын өріледі, көл жиектерін арудың кірпіктерінше камыс-кога сүйріктері сөндесе, салкар даласына боз бен бөтеге-жуссан тұтаса бітіп, қызғалдак көркемдейді. Өрінде арқар, шөлінде шілігі бар, көлінде акку-каз бен бықыған балығы бар ац-құызы үзілмейді.

Жерінің алшақтығы да, бедерінің алуандығы да аймактың ауа-райының күбылмалылығына себепкөр. Қөктемі көз тоймастай құлпрыш кіреді, жазы жанға жайлар саялы саңалы мен шіліңгір шілдесіне ұласып, коныржай бояулы-береңелі күзбен аяқталады. Қытымыр, қарлы қысының қыспағы да аз болмайды.

Бұл өнірдің койнауы тұнған қазына екендігін ата-бабаларымызға ежелден-ақ белгілі болған. Оған көне заманғы тұрактардағы жүргізілген археологиялық қазбалар да дәлел, ежелгі шығыс пен батыстың зерттеуші-ғалымдарының пайымдау-шежірелері де айғақ.

Әйткенмен, XX ғасырдың ұлы перзенті, ғылыми өресін өркениятты адамзат мойындаған, исі қазақ есімін ардактан атайдын ғұламасы Қаныш Имантайұлы Сөтбаевтай Жезқазған жерінің данқын аспандатқан адам болған емес. Бұл өнірдің жер байлығын көрегендікпен болжап, теологиялық барлаусын иегіздең, корларының молдығын ғылыми дәлдікпен есептеп, қын-қыстау кезенде практикалық маңызын дәлелленіп, игеріліп, ел иғілігіне айналғанға дейін бар қажыр-қайраты мен ақыл-ойын сарқа жұмсаған да Сөтбаев. Осы бір өткенің қазынасы мен болашағына сенгені сонша, елі мен жеріне деген мейірі мен сүйіспенешілігі сонша «Жезқазған—Казақстанның інжү-маржаны» деп алғаш айтқан да Қаныш Сөтбаев.

Осыдан уш мын жылдай бұрын кола дәуірінде бабаларының балқыткан мыс өндірісі тағдырыш толайымен бертін көле токырағанмен ежелгі жер атавы Жезқазған осы күнге жүрт жадында сакталып келген. Сондыктан да бұл аймактың негізгі байлығы — жез, яғни мыс және басқа түсті мегаллар.

Осы қазыналы қойнаудың бойынан табылған, мыс, корғасын, мырыш корына әлем көз тігіп отыр. Бұдан өзге марганец, темір рудалары, молибден, вольфрам, барит, никель, кобальт, мышьяк, калайы, алунит, алюмосфат минералдарының, көмір мен мұнай кеңдері ашылды, алтын мен күміс те өндіріледі. Бірегей қөлілдір асбест коры да үксата білгеннің айрықша байлығы. Ас тұзы, натрий сульфаты мен тенарит кабаттары да қалыптасқан.

Облыс сондай-ақ құрылымы материалдары мен бағалы ми-

нералдарға да аса бай. Гранит, мәрмәрден бастап алуан күрілісқа жарамды тастар, эктас, мергель, отка берік саз, металлургия өндірісіне қажетті көптеген коспалар, кварц, жадеит, рудеситтен бастап неше түрлі асыл тастар көздің жауын алады.

Арқа жері қашаннан мыңғырған малға толы болған аймак. Жайылымдағы мол шебі шүйгін, сұзы салқын Жезқазған өнірі ежелден жылқы мен қой өсіруге қолайлыш дең есептеді.

«Жері байдың — елі бай» деген халық тұжырымы жезгандықтардың иғілігінің көзі мол екендігіне кәміл сендереді.

## БОЛЫСТЫҚТАН ОТАУ ОБЛЫСҚА ДЕЙІН

Жезқазған өнірінің әкімшілік — территориялық дербестену тарихын әріге кетпей-ақ, XX ғасырдан бері, дәлірек айтсақ, кенестендіру кезеңінен бастап шолғанды жөнірек көрдік.

Жалпы, Қазақстанның сол бір шырғалац, шактағы әкімшілік — территориялық құрылымының негіздері РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі «Қыргыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Революциялық Комитетті туралы Қағида» бойынша белгіленген болатын. Комитеттің қарамағына Ақмола, Семей, Торғай жәнә Орал облыстары бекітілген еді.

Жезқазған облысының қазіргі аймағы 1932 жылға дейін негізінен Ақмола мен Семей облыстарына кейіндеу ішінара Кызылорда мен Шымкент облыстарына, 1936 жылдан 1973 жылға дейін Қарағанды облысына қараған.

РСФСР-дің Бүкілrossиялық Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру жөніндегі 1920 жылғы 20 тамыздағы Декреті бойынша қазақ қеңес ұлттық мемлекетті жарияланумен бірге оның әкімшілік-территориялық бөлінүү облыстар мен уездері-

нің құрамы белгіленген болатын. Республика құрамындағы Семей облысында Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері болды. Ал Ақмола облысына Атбасар, Ақмола, Қекшетау, Перопавл уездері мен Омбы уезі жартылай қарады. Алайда, шындығында, Ақмола және Семей облыстары уақытша Сібір Ревкомына бағынышта болып қалды.

Семей губерниясы ҚазЦИК-тің 1920 жылғы 11 желтоқсандағы бірінші сессиясының қауысымен құрылған болатын. Оның құрамына Зайсан (23 болыстық), Қарқаралы (24 болыстық), Семей (49 болыстың), Өскемен (39 болыстық) уездері енген болатын.

1921 жылғы 27 ақпанды Омбы губерниясынан Павлодар уезі (31 болыстық), ал казан айында тағы да 11 болыстық берілді.

1921 жылғы 25 көкекте ҚазЦИК-тің Төтение өкілетті комиссиясының шешімімен орталығы Петропавл болып Ақмола губерниясы құрылды. Оның құрамына бұрынғы Ақмола облысының Атбасар (51 болыстық), Ақмола (75 болыстық), Қекшетау (63 болыстық), Петропавл (44 болыстық) уездері енді.

Осы Ақмола губерниясының 1920 жылы құрылған Асан-Қайғы, Астахов, Больше-Михайлов, Вишнев, Жезді, Дои, Долинск, Қарағанды, Киев, Константинов, Красная поляна, Нұра, Нецветаев, Ново-Черкас, Покорная, Промышленная, Пролетар, Ростов, Санников, Сарысу, Сарыарқа, Спас, Троицкая, Трудовая, Ұлытау, Өспен, Чернигов, Шерубай-Нұра, болыстықтарының территориялары кейін 1932 жылы Қарағанды облысының құрамына енгізілген болатын.

1923 жылдың қантарында Асан-Қайғы болыстығына 1921 Еркесай болыстығымен біріккен Нілді болыстығы қосылды. сонымен қатар Амантау Нұра болыстығына Алексеев, Конкра, Николаев, Ново-Рыбинск, Приозерная, Урюпин-Санников болыстығына, Байдаulet, Құмқөл, Шарыкты, Шерубай-Нұра — Қарағанды болыстығына, Киев—Захаров пен Чернигов болыстығына, Богулни — Қарағанды мен Нұра болыстығына, Астрахан, Больше-Михайлов, Долинск, Покорная, Просторная, Ростов-Промышленная болыстығына қосылды.

1925 жылғы 12 казанды Захаров және Чернигов болыстықтары бірікті.

1927 жылдың аяғында Қазақстанда жаңа әкімшілік-террориялық құрылым жасау басталды. Оның қындығы көп болды, себебі, жер-жердің шаруашылық және табиғат жағдайы толық зерттелмеген болатын, оған қоса елді мекендері шашыранқы және халқы аз болатын.

Осы себептерден, әсіресе, Орталық Қазақстанның әкімшілік-террориялық құрылымын орындауда аса қынға тусти. Бұл аймактағылар экономикалық жағынан қуаттылау көрнік округтерге уақытша қостырылған болатын.

Ал жаңа әкімшілік-террориялық құрылымға сәйкес бұрынғы губерния, уез, боялыстықтың орнына үшбұынды жүйе енгізілді: округ — аудан — кала,

1928 жылғы З қыркүйекте ВЦИК-тің Қаулысымен Ақмола және Семей губерниялары жойылды, Ақмола губерниясының уездерімен боялыстықтарынан Ақмола, Павлодар, Қызылжар (Петропавл) және Сырдария округтерінің аудандары құрылды. Ал Семей губерниясынан Ақмола, Қарқаралы, Павлодар, Семей және Сырдария округінің аудандары құрылды.

Осылардың ішінен кейін Қарағанды облысының құрамына енгендері:

Ақмола округі: Асан-Қайғы, Қарағанды, Коммунист, Қорғалжын, Нұра, Пролетар, Промышленный;

Қарқаралы округі: Абрали, Ақсары, Балқаш, Берікқара, Қу, Тоқырауын, Шет, Шұбартай;

1929 жылы Асан-Қайғы ауданы Жаңаарқа ауданы, Балқаш Тоқырауын ауданы болып қайта аталды, Ақсары ауданы жойылды.

1930 жылдың 1 қаранды ауданынан құрылған округтер жойылды. Азат Сталин және Еркіншілік аудандарына қосылды; Атбасар ауданының бір бөлігі — Есіл және Нұра аудандарына; Жаңаарқаның бір бөлігі — Қарағанды ауданына; Қарағандының бір бөлігі — Ақмола ауданына; Коммунист ауданы — Ақмола, Қарағанды, Еркіншілік аудандарына; Ленин ауданы — Ақмола, Атбасар, Сталин аудандарына; Пролетар Есіл ауданына; Промышленный — Қарағанды мен Нұра аудандарына; Революционный — Ақмола, Нұра, Еркіншілік аудандарына; Социалистік — Атбасар ауданына; Берікқара ауданы, Қу ауданының бір бөлігі мен Қарқаралы қаласы біріктіріліп

жаңадан Қарқаралы ауданы құрылды; Токырауын ауданы Коңырат ауданы болып, ал Қарағанды ауданы Тельман ауданы болып аты өзгерілді.

Семей губерниясы Қарқаралы уезінде 44 балыстық болатын (Абраалы, Ақбота, Ақсары, Ақшатау, Балқаш, Бауыр Белогрудов, Берікқара, Бидайық, Богород, Бөрлі, Дағандел, Дегелен, Достар, Завод, Қазан, Қарбышев, Қотана—Балқаш, Қотана — Бұлак, Кедей, Кент, Қызылтау, Комиссаров, Ку, Кутузов, Майөзек, Мәребүлак, Мәуіті, Мендешев, Мойынты, Николаев, Нұра, Пригород, Сарытау, Теміртау, Токырауын, Орал, Хлебород, Хорошев, Шет, Шұбартаяу, Шылым, Едрей және Сарыбұлак). Кейінде, яғни 1936 жылы осы болыстыктар жері тұтасымен Қарағанды облысының құрамына енгізілді.

Алғашқы бесжылдық жылдары Қазақстандағы өнеркәсіп және теміржол құрылыштарының өркен жауы, жаңа совхоз, колхоз МТС-тердің салынуы жаңа өндіріс және ауылшаруашылық орталыктарының пайда болуына себеп болды.

Осыған байланысты 1932 жылы ҚазЦИК-тің екінші есесиясында Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Өнтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Алматы облыстарын құру жөнінде шешім кабылданды.

Қарқаралы ауданы Шығыс Қазақстан облысының құрамына енді.

Қарағанды облысы ВЦИК-тің қаулысымен 1932 жылдың 20 наурызында құрылды. Орталығы болып Петропавл қаласы белгіленді. Облыстың құрамына 23 аудан енгізілді: Айыртау, Ақмола, Арықбалық, Атбасар, Бейнетқор, Булаев, Есіл, Жаңаарқа, Қызылту, Қекшетау, Қорғалжын, Ленин, Мамлют, Нұра, Преснов, Рузаев, Сарысу, Сталин, Тельман, Тоңкерей, Щучинск, Енбекшілдер және Еркіншілік аудандары.

1936 жылға дейін облыс ішіндегі әкімшілік бөліну тұрақсыз болуымен сипатталады.

КазЦИК-тің 1933 жылғы 22 акпаңдағы қаулысымен Сарысу ауданы Өнтүстік Қазақстан облысының құрамына, ал Шет ауданы Алматы облысынан Қарағанды облысына берілді.

1934 жылдың 4 шілдесінде қайтадан Қарқаралы округі құрылды. Оның құрамына Шығыс Қазақстан облысынан

Баянауыл, Қарқаралы, Құ аудандары, Қарағанды облысынан Жанаарқа, Шет аудандары, Алматы облысынан Қоңырат ауданы енгізілді.

ВЦИК-тің 1935 жылғы 31 қаңтардағы қаулысымен Қарағанды облысында жаңадан 8 аудан құрылды: Вишнев, Зеренді, Калинин, Макин, Молотов, Полудин, Пресногорьков және Пришним аудандары.

Қарағанды облаткомның Президиумының 1935 жылғы 10 ақпандагы қаулысымен Қарағанды облысының құрамында 32 ауданы бар жаңа әкімшілік-территориялық бөлінуі бекітілді. Ол аудандар: Айыртау, Ақмола, Арықбалақ, Атбасар, Бейнеткор, Булаев, Вишнев, Есіл, Зеренді, Калинин, Қекшетау, Қызылту, Красноармейск, Қорғалжын, Ленин, Макин, Мамлют, Молотов, Преснов, Пресногорьков, Пришним, Полудин, Рузаев, Нұра, Сталин, Тельман, Тонкерей, Щучинск, Енбекшілдер, Еркіншілік, Петропавл және Қарағанды слі.

ВЦИК-тің 1936 жылғы 29 шілдедегі қаулысымен Қарағанды облысының құрамынан орталығы Петропавл болып Солтүстік Қазақстан облысы бөлініп шықты да Қарағанды облысының орталығы Қарағандыға көшірілді. Осы қаулымен Қарқаралы округі жойылды да, оның аудандары тұтасымен Қарағанды облысының құрамына енгізілді, ал Преногорьков ауданы Қостанай облысының құрамына қосылды.

Жаңырған Қарағанды облысының құрамына бүрынғы Қарағанды облысының 7 ауданы (Ақмола, Вишнев, Қорғалжын, Новочеркас, Нұра, Тельман, Еркіншілік), таратылған Қарқаралы округінің 6 ауданы (Баянауыл, Жанаарқа, Қарқаралы, Қоңырат, Құ, Шет) және Оңтүстік Қазақстан облысынан Қарсақпай ауданы енгізілді. Яғни, облыста бұл кезеңде 14 аудан болатын.

ҚазЦИК-тің Президиумының 1938 жылғы 14 ақпанындағы қаулысымен жаңадан Ворошилов ауданы құрылып, Баянауыл ауданы Павлодар облысына берілді.

1939 жылы Ақмола облысының құрылуына байланысты Ақмола қаласы мен 4 аудан (Ақмола, Вишнев, Новочеркас, Еркіншілік) берілді.

Қазақ ССР-і Ҙоғарғы Қенесі Президиумының 1939 жылғы 16 қазандагы Указымен Ұлытау ауданы құрылды.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1940 жылғы 13 мамырдағы Указымен Қарсақпай ауданы Жезқазған ауданы болып аталды.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1940 жылғы 28 желтоқсандағы Указымен Осокаров ауданы құрылды. 1941 жылғы 5 желтоқсанда Қорғалжын ауданы Ақмола облысының құрамына берілді,

ҚОКП Орталық Комитетінің 1957 жылы Пленумы мен КСРО жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясының «Өнеркәсіп пән құрылышты басқаруды қайта құру жөнінде» қаулысы бойынша Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің 1957 жылғы 10 маусымдағы қаулысымен үш облыстан құрылған (Қарағанды, Павлодар, Ақмола) Қарағанды экономикалық әкімшілік ауданы құрылды.

1961 жылдың көкек айында Ақмола мен Павлодар облыстары Целинний өлкесіне ауысты.

1961 жылдың 15 қарашасында Ворошилов ауданы Ульянов ауданы болып аталды.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1963 жылғы 2 және 10 қантардағы Указымен облыста 6 аудан таратылды (Жезқазған, Конырат, Ұлытау, Ульянов және Шет аудандары). Ақшатау өнеркәсіптік және 7 селолық аудан құрылды: Ақтогай, Жезді, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осокаров, Тельман аудандары.

1964 жылғы 31 желтоқсандағы Указбен Ақшатау өнеркәсіп ауданы мен селолық аудандар жойылды. Енді біртұтас 10 аудан құрылды, олар: Ақтогай, Жаңаарқа, Жезді, Қарқаралы, Нұра, Осокаров, Тельман, Егіндібұлак, Ульянов және Шет аудандары.

Қазақ ССР-інің 1965 жылғы 15 қазандагы Заны бойынша Қарағанды экономикалық әкімшілік ауданы таратылды.

Қазақ ССР-інің Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1972 жылғы 10 наурызындағы Указымен Жезқазған және Молодежный аудандары құрылды.

1973 жылғы 20 наурызында Жезқазған өңірі өз алдына дербес облыс болып отау тікті. Осыған сәйкес сол кезеңдегі құжатты толық келтіруді жөн деп есептейміз.

## **ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫң УКАЗЫ**

**Қазақ ССР-інің құрамында Жезқазған және Манғышлақ облыстарын құру туралы**

1. Қазақ ССР-інің құрамында орталығы Жезқазған қаласында болатын Жезқазған облысы құрылсын, оның құрамына Қарағанды облысының Жезқазған, Балқаш және қаражал қалалары қалалық Советтерге бағынатын қалалық поселкелерімен, селолық Советтерімен қоса Ақтогай, Жезді, Жезқазған, Жанаарқа және Шет аудандары енгізілсін.

Жезқазған облысының құрамында орталығы Ақадыр қалалық поселкесінде болатын Ақадыр ауданы құрылсын, оның құрамына Шет ауданының Ақадыр, Ақжал, Ақшатау, Кайракты қалалық поселкелері және Ақбұлак, Аксарлы, Тағылы селолық Советтері, Қаражал қалалық Советінің Жамбыл қалалық поселкесі; Жанаарқа ауданының Ақтау, Қызылтау және Ортау селолық Советтері енгізілсін.

Жезқазған облысының Жанаарқа ауданындағы Дарьинский қалалық поселкесі және Бұрма, Қөктіңкөлі, Красная Поляна, Просторное және Успенский селолық Советтері Шет ауданының құрамына берілсін.

2. Қазақ ССР-інің құрамында орталығы Шевченко қаласында болатын Манғышлақ облысы құрылсын, оның құрамына Гурьев облысының Шевченко, Жанаөзен және Форт—Шевченко қалалары қалалық Советтерге бағынатын қалалық поселкелерімен және селолық Советтерімен қоса Манқыстау ауданы енгізілсін.

Манғышлақ облысының құрамында мынадай жаңа аудандар құрылсын:

Орталығы Бейнеу қалалық поселкесінде болатын Бейнеу ауданы құрылсын, оның құрамына Манғышлақ облысының Манқыстау ауданындағы Бейнеу қалалық поселкесі, Ақжігіт және Қаменный селолық Советтері, Гурьев облысының Ембі ауданындағы Опорный және Сарықамыс қалалық поселкелері енгізілсін.

Орталығы Ералиев қалалық поселкесінде болатын Ералыев ауданы құрылсын, оның құрамына Манғышлақ облысының Өзен ауданындағы Ералиев, Ақсу және Жетібай қалалық поселкелері, Шевченко қалалық Советінің Маңқыстау қалалық поселкесі енгізілсін.

Маңғышлақ облысының Жаңаөзен қаласы облысқа бағынатын қала болып қайта құрылсын, Өзен ауданының Өзен қалалық поселкесі Жаңаөзен қалалық Советінің әкімшілік қамтуына берілсін.

Гурьев облысының Өзен ауданы таратылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Председателі С. Ниязбеков  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Секретары Б. Рамазанова

Алматы, Үкімет үйі, 1973 жылғы 20 наурыз.

Осы орайда жаңа облыс құрамына енген қалалардың қашан құрылғанын қоса атап артық болмауға тиіс.

Балқаш қаласы ҚазЦИК-тің шешімімен 1937 жылдың 11 көкегінде Балқаш мыс зауытын салу кезінде пайдада болған Прибалхашстрой жұмысшы поселкесін облысқа бағынатын қала деп атап үйғарылды.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кенесінің 1963 жылғы 10 қантардағы Указымен Каражал елді мекені облысқа бағынғатын қала қатарына жатқызылды.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кенесінің 1954 жылғы 20 желтоқсандағы Указы бойынша Үлкен Жезқазған жұмысшы поселкесі Жезқазған қаласына айналдырылды.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кенесі Президиумының 1972 жылғы 10 наурыздағы Указымен жаңадан Ұлытау ауданы құрылды.

1973 жылдың аяғында Қазақ ССР-і Жоғарғы Кенесі Президиумының Указымен Никольск қаласы құрылды. 1991 жылды Никольск қаласы Сәтбаев қаласы болып аталды.

Жезқазған облысы құрамында 1973 жылы Жаңаарқа және Шет аудандары есебінен Ақадыр ауданы, ал 1977 жылды

Ақтөбай ауданы есебінен Приозер ауданы құрылды. Осы кезеңде Жезқазған ауданы Ұлытау ауданы деп өзгерілді. Сонымен бірге Ақтөбай, Жезді, Жанаарқа, Приозер, Ұлытау, Шет аудандарында 11 совхоз, ал Жезқазған қаласы маңында Жезқазған совлоз-техникумы мен облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясы құрылды.

Сонымен, бүгінгі күнге облыс территориясында 5 қала; Жезқазған, Балқаш, Каражал, Сәтпаев, Приозерск (әскери қала болғандықтан белгілі себептермен оның қашан салынғаны, қашан қала болғаны беймаглұм), 7 аудан: Ақадыр, Ақтөбай, Жанаарқа, Жезді, Приозер, Ұлытау, Шет, 22 кент, 64 селолық қенесі бар.

Облыс халқының жалпы саны 496,5 мың. Олардың деңі, яғни 793, процентті қалаларда, 20,7 процентті ауылдарда жерде. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы километрге 1,5 адамнан.

## ҚАЗЫНАЛЫ АЙМАҚ

Жезқазған облысының экономикасында өнеркәсіп жалпы шаруашылығының субелі саласы болып есептеледі, өйткені, өндірілетін өнімнің сексен процентке жуығы өнеркәсіп өнімдерінің үлесіне тиеді.

Облыс өнеркәсіп өнімдерінің маңызын мына бір айғакты дәлел көрсете алады: егеменді Қазақстан Республикасының валюта корының төрттен уш бөлігі тікелей Жезқазған өнімдерінен түседі. Бір гана «Жезқазғантістайл» ғылыми өндірістік бірлестігі тек 1992 жылы Республика корына 41,9 миллион доллар, ұлттық мемлекеттік банкке 16 миллион доллар, жергілікті бюджетке 9,4 миллион доллар аударды.

Облыстағы өнеркәсіптің әсіресе замыған салалары: гүсті және кара metallургия, электрөнергетика, жөніл және ғамак өнеркәсібі, құрылым материалдары өнеркәсібі, астық өндеу, машина жасау және металл өндеу өнеркәсітері, геология, полиграфия және орман шаруашылығы.

Облыс құрылғалы өткен жиырма жыл ішінде дербес баланстағы өнеркәсіп орындарының саны 43-тен 47-ге жет-

кізілді. Ал өнеркәсіптік-өндірістік қорлар осы жылдары 1060,4 миллион сомнан 3501,8 миллион сомға өсті.

Оларда негізгі өндірілетін өнім түрлері: түсті металлдар, темір рудасы, марганец концентраты, құрамалы темір-бетон бүйімдары, есік-терезе, ет-сүт өнімдері, шұжық, наң, сусындар, балық және консервіленген балық, тоқыма және кондитер бүйімдары.

Адамзат ғылыми ойының озық перзенті, ұлғы Қаныш Сәтбаевтың «Жезқазған — Қазақстанның інжү-мәржаны» деген көрегендігіне күн өткен сайын көз жеткізетін дәлел аз емес.

Түсті металлургияның негізгі екі алдыбы — Жезқазған мен Балқаштың өнімдері әлемге әйгілі. Бертінде құрылған Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағы құрамындағы Жәйрем кен байыту комбинатының болашағы үлкен үміт күттірерлік. Осы аймаққа кіретін Атасу кен-байыту комбинаты ондаған жылдар бойы Республика қара металлургиясының алдыбы Теміртау комбинатын шикізатпен қамтамасыз етуде.

«Казвольфрам» өндірістік бірлестігінің өнімдері де біре-гей болып саналады.

Бұлармен қатар Жезді марганец кен басқармасы, Актас кварц өндіру кәсіпорыны өнім көлемдері шағын болғанмен маңыздылығы жөнінен тұлғалы кәсіпорындар катарында.

Жезқазған жер койнауының сактаулы сыйбағасы әлі де мол, өйткені, кезінде түбебейлі барланып, қуатты өндіріс үйімдастыруға бала алады деген кен орындары жекілікті. Солардың ішінде айрықша назар аударлығы — Жоғарғы Қайракты кен орыны. Онда өндірілмекші молибден табиғатта сирек кездесетін, аса жоғары сұраныстағы ерекше металл.

Келешекте Кумола кен байыту комбинатының да іске кесілуынан үміттіміз. Ондағы өндірілетін көгілдір асBESTІН касиеті ғарыштық зерттеу заманындағы, радиация бәсендемей тұрған кезеңдегі қажеттілігі айрықша.

Жалпы, Жезқазған облысында Республикадағы түсті металл корының басым көпшілігі шоғырланған. Қазақстандағы мыстың өндірістік корының 64 проценті, корғасынның - 46, мырыштың - 38, вольфрамның - 97, висмуттың - 96, молибденнің - 95 проценті осы облыстың жер койнауында. Тек кана

Жәйрем кен орнындағы қорғасын мен мырыштың коры Кемеров, Тюмен облыстары мен Алтай өлкесіндегі барланған корларды қосып есептегендегіден бір жарым есе артық. Облыстағы вольфрам коры Өзбекстан, Тәжікстан, Қыргызстан үшеуінің корын қосып есептегендегіден 19 есе, молибденнен - 22, ал висмуттан - 35 есе артық.

Әрине, табиғат байлығы болғанға не жетсін. Эйткенмен, ең бастысы да, ең қыны да бар шикізатты өндіру, оны ұқсату, өнімін ел ігілігіне жарату. Жана облыс құрылғаннан бері осы бағытта қашама жұмыс атқарылды десеніші.

Бір ғана Қ. И. Сәтбаев атындағы «Жезқазғантұметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігін алайықшы (бастапқыда ол кен-металлургия комбинаты аталатын). Облыс құрылған 1973 жылдың өзінде мыс балқыту өндірісінің бірінші кезегі, мысты-электролит өндірісінің екінші кезегі, күкірт қышқылы өндірісінің бірінші кезегі іске қосылған еді. Біртін-біртін қуаттар өндіріске еніп, 1976 жылы сирек металлдар участесі пайдаланулуға берілуімен мыс зауытының құрылышы толық аяқталған болатын. Сол жылы бүкіл әлемде тұнғыш рет байыту фабрикасында бірегей флотациялық машиналарды монтаждау басталған еді.

Жезқазған көндері қашаннан көлқұрамды, кешенділер қатарына жатады. Оның құрамында жиырмага жуық заттар бар.

Алайда, бертінге дейін кеннің мыстан өзге құрамдас бөліктері корытпа қалдықтары қалып коятын. Айталық, Қарсакпай мыс зауытында тек мыс қана балқытылса, озық технологиялы Жезқазған мыс зауытында алғашкы күннен бастап-ак шийкізатты кешенді ұқсату басталды. 1976 жылы шикізатты пайдалану коеффиценті 92 процентке дейін көтерілді. Жана өнімнің бірі — аммоний перренатын шығаруға арналған тәжірибелік қондырығы өзін тамаша актап шықты.

Жалпы, қалдықсыз өндіріске кол жеткізу кәсіпорын ұжымы алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Конверторды быладай койғанда, электр пешінін газын ұқсату да көп пайда келтірді. Сонын негізінде химия өнеркәсібіне аса кажет күкірт қышқылын шығару жолға койылды.

Металлургиялық кайта өндеудің барысында катодты мыспен катар алтын, құміс, аммоний перренаты, мысты-никелді тұздар, кадмий, висмут, мырыш, күкірт қышқылы, аса бағалы рений, т.б. заттар алуға мүмкіндік туды. Ал аралық

өнімдерді шахталарда толтыруға арналған бетондарды жасауға пайдалануға болатын болып шықты.

Шикізатты кешенді пайдаланудың басқа да тиімді жақтары аз емес. Жезқазған мұс зауыты толық іске қосылғаннан кейін, 1977 жылдың мамырында Қарсақпайда қара мұс шығару біржола тоқтатылды. Себебі, жабдықтардың тозығы әбден жеткен болатын. Алайда, ондағы зауыттың құрылыштары, оған қоса 2,5 миллион тоннаға жуық корытпа қалдықтары қалды. Ең бастысы — қашшама тәжірибелі маман, елді мекен орнында болды.

Міне, осы бір бейтағлұм тұста республика үкіметі зауыт негізінде корытпа қалдықтары қайта өндеде арқылы құрылыш материалдарын шығару цехын салу жөнінде шешім қабылдады.

Бірінші кезегін іске қосқан зауыт жылына 4,5 мың тонна қалдық өндеп, мындаған тонна шлак-макта шығара бастады. Енді ол минералды макта текталары, түрбалар мен піндер, шойын мұс корытпаларын шығарады.

Әлбетте, өнім шығару ішін, ең алдымен шикізат корына сенімді болып отыру керек. Және бұл сала алдынала дамып отырмаса болмайды. 1975 жылдың мамыр айында өз саласындағы ең алып № 65 шахта іске қосылып, 1978 жылдың ақпанында жобалы қуатына жеткізілді. Сол жылы Ақши-Спас кенішін салу басталып кетті. Одан кейінгі кезекте Аннен кеніші, № 67 шахта, ал болашакта № 73-75, № 70 шахталар, одан да әріде Жаман-Айбат, Жыланды кенішін игеру міндеті түр. Оған қоса келешегі зор Қарашолак, Қыпшакбай, Сарыоба кеніштерін пайдалану сонау XXI ғасырдың үлесінے тимек.

Олардың өндірстік қуаты жылына 7,5 миллион тонна кен өндіруге мүмкіндік туғызады деп жобалануда.

Шикізатты кешенді үксату бағытында байырғы байыту фабрикаларындағы технологияларды жетілдірумен катар жаңадан іске қосылған № 3 байыту фабрикасында мұс-мырыш өнімдерін айырудың тиімді технологиясы енгізілді.

Бірлестік бүріннан көбіне өнімдерін шикізат күйінде шығарып келген болатын. Олардың да аз байырғы емес екендігі түсінікті. Дегенмен, қазіргі нарықтық катынас жағдайында өндіріс тиімділігін арттырудың бірден бір жолы — өнімдер-

дің номеклатурасын көбейтүмен қатар олардың тауарлылығын арттыру, сایып келгенде шикізаты түбегейлі дайын өнімге дейін жеткізу.

Осыған орай казір бірлестікте арнайы бағдарлама жасалып, барлық буындағы жұмыстар соған сәйкестендіріле уйымдастырылуда. Қыруар істердің бастамасы үлкен үміт күттірелік.

Казірдің өзінде жылына 50 мың тонна өнім шығаратын жез қаңылтыр цехиңиң күрылышы басталып кетті. Ал мыс ширатпасын (катанка) түбіндегі кабель шығару үшін халықаралық «Қазқат» біріккен кәсіпорыны күрылды. Оның күрылтайшылары «Жезқазғантұстиметалл» бірлестігімен коса «Москабель» өндірістік бірлестігі, Жапонияның «Томен Корпорейшн» фирмасы, Финляндияның «Нокша электроника ЛТД» және Американың «Саутвайер» фирмалары. Мыс ширатпасы зауытының күрылышын салу бес мемлекет қатысқан конкурстың негізде Түркияның «Энтос» фирмасының үлесіне үйді.

Хәне бір алаң шаруа-казіргі кезеңде бұрынғы Одактағы тәжілі кәсіпорындардың байланысы ойдағыдан болмай отырғандырығы. Мұның өзі, әсіресе, жер астында өздігінен жүретін техникаларға қажетті құрал-жабдықтарға зорушілік туғызды. Осында тұғырықтан шығу үшін бірлестік бұрынғы жеңідеу зауытын енді курделі жабдықтарды өзі шығаратын зауыт етіп кайта құрды. Бұл қадамның нәтижесінде кен өндірісінде аса қажетті копарғыш заттармен оқтауға ариналған «ПМЗШ-2» машинасы осы зауытта қыска мерзімде шығарыла бастады. Осы түста жаңа технология енгізуде «Тұстиметалл» ғылыми-зерттеу, жобалау институтының мұрындық болып отырғандығын арнайы атаған жөн.

Заман талабына сәйкес техникалық-экономикалық және жоспарлау ісін жетілдіруге де айырықша назар аударылу да. Осыдан оншакты жыл бұрын жаппай шаруашылық есепке көше бастаған бұл кәсіпорын қазіргі кезеңде оның жана сатысына көтеріле түсті. Біраз арнаулы басқарма мен кәсіпорындар тікелей бірлестік құрамына енгізілді. Сонымен қатар каржы-шаруашылық жағдайды түзету максатында дербес «Тұстиметалл» банкісі ашылды.

Казіргі кезеңде «Жезқазғантұстиметалл» ғылыми-өндіріс-

тік бірлестігі ұжымы нарық экономикасы жағдайында менишік түрлерінің ішінде акционерлік қоғамға көшу тиімді деп есептеуде. Былайша айтқанда бірыңғай мемлекеттік менишкітен мемлекет пен еңбекшілердің ортақ шаруашылығына көшу қолайлы деп қарауда.

Ұжымның осы шешіміне сәйкес бірлестіктің бұдан былай «Жезқазғантұстиметалл» ашық ұлтідегі акционерлік қоғамға айналғандығы туралы мемлекеттік мүлік жөніндегі территориялық комитеттің уақытыша күзелігі берілді. Қазір бірлестікті акцияландыруға байланысты жұмыстар жалғасуда. Ең алдымен негізгі қорларды қайта бағалау жұмыстары жүргізілуде.

Осындай орнықты іс-шаралардың арқасында кейнігі жылдары өткен қашама қоғамдық — саяси өзгерістерге, өсіреле, экономика мен шаруашылықта кең жайылған берекесіздіктеге қарамастан қәсіпорын ұжымы ырғакты еңбек жағдайын сақтап келеді. Сөйтіп, өткен қынышылығы мол 1992 жылғы барлық көрсеткіштер бойынша дерлік жоспарлар асыра срындалды. Тауарлы өнім өткізу жоспарын артырымен срындаудың арқасында жоспардан тыс 4700 миллион қомпанияда алынды. Мемлекеттік тапсырысты орындаумен қатар жалпы өндірілген шакпак мыстың 68 проценті экспортқа шығарылды. Қәсіпорын қазір ондаған мемлекеттермен тікеlei өндірістік байланыс орнатып отыр.

Бұл ұжымда негізгі өнімдерді өндірумен қатар халық тұтынатын тауарларды шығару көлемін ұлғайта түсуге нараза аударылуда. Бұл салада да тауарлардың сапасы жақсартылып, жоғары рентабельдікке қол жеткізілуде. Тек кейінгі бір жылдың ішінде олардың өндірілуі 62,2 процентке өсті.

Осы бір кеңже қалып келген салага шетелдік фирмаларды қатыстыру нәтижелі болып жүр. Үш жыл бойы қытай компанияларымен бірлесіп электроника бүйімдары шығарылды. Алғашқыда сафаттар мен калькулятордан басталған еді, енді аудиомагнитофондар шығарылуда. Түріктердің қатысуымен белгары бүйімдары мен тондары жүрт кәдесіне жарай бастады. Оңтүстік Корея фирмасымен тұрмыстық шансорғыштар шығаруға байланысты жұмыстар аяқталып келеді.

Осы өндірістегі тұрақтылық еңбекшілердің әлеуметтік

жағдайын жақсартуға едәүір ауқымды шаруаларды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызды. Айталық, бір жылдың өзінде орташа айлық жалақы он еседен астам өсірілді. Оның сыртында біраз азық-түлік түрлері, тұрмыска кажетті бұйымдар, женіл автомашиналар бірнеше есе арзандатылған бағада сатылды. Оған қоса шетелдік дүкендер ашылды. Мұнисмен бірге Жезқазған мен Сәтбаев қалаларына 8,8 миллион долларға «Кароса», «Икарус» маркалы 120 автобус сатылып оперілді. Осы екі қаланың мектептерінде бірлестік қаражатына 52 компьютерлік класс жабдықталды, ал деңсаулық сактау мен сауықтыру мекемелерін нығайту максатында 2,3 миллион доллар қаржы жұмсалды. Бұлардан тыс құс инімдерін калдықсыз өндейтін жүйе, ет өндейтін комбинат, нан-токаш шығаратын цехтар жабдықталып, өнім бере бастады. Осылармен бірге «Қазақ тілі», мұсылман әйелдер қоғамдарына, мешіттер салуға, басқа да мәдени-әлеуметтік шараларға қаржы бөлінуде.

Міне, бұлардың барлығы да жер казынасын, ел байлығын жүртішіліктың нақты игілігіне пайдаланудың нақты мысалдары.

Түсті металургияның облыстағы екінші алaby «Балқаш-мыс» өндірістік бірлестігі ертеден-ак өз саласындағы озық технология мен жұмыс үйімдастыруда үлгі болған танымал ұжым. Одақтық, республикалық семинарлар, тәжірибе алмасу деңгендер бірінен соң бірі өтіп отырды. Айталық, облыс күрылған 1973 жылы кен шикізатын кешенді пайдалану жөнінде Бұқілодақтық семинар өтсі, 1975 жылы түсіні металлургияның байыту фабрикаларының күрал-жабдықтарын же-тілдіру, пайдалану жөнінде одактық озат тәжірибе мектебінің сабабы өткізілді, ал 1980 жылы тау-кен техникасын тиімді пайдалану жөнінде және бір бас қосу үйімдастырылды.

Осылай бола тұра бұл өндіріс бірнеше жыл бойы шикізатын тапшылығының зардабын тартып-ақ бақты. Оны сырттан тасу, басқа ұжымға тәуелді болу өндірісті үтімді үйімдастырудың салқынын тигізіп келді. Осыған орай тығырыктан шығудың жолдары қарастырылды. Ен алдымен кен өндіріу кәсіпорындарын кенеиту мен қайта құруға назар аударылды. Жаңғыртылған геологиялық барлаулар Конырат және Саяқ кеніштерін әлі ондаған жылдар пайдалануға мүмкіндігі бар екендігін көрсетті. Бұлармен қоса Бозшакөл кен-байы-

ту комбинатын салу мен Актоғай көн орнын игеру де өсі қаланың мүмкіндігін аша түспек.

Балқаштықтардың мыс өнімі Лондондағы биржада дүниежүзілік эталон болып есептелетіні мәлім, сондыктан олардың бұрынғы Одақ көлеміндегі сапа белгісімен шығарылғанына көпшілік заңды күбылдыс ретінде қабылдады.

Балқаш кен-металлургия комбинаты жаңа озық технология енгізуі бірінші болып бастау дәстүрін бұзбауға тырысты. 1985 жылы сұйық ваннада алғаш балқымға берілсе, 1987 жылы ол технология жетілдіріліп ПЖВ - 2 пеші бірінші штейн берген болатын. Сол кезеңде арқаусыз тәсіл бойынша алынған катодты мыстың сапасы әлдекайда жаксара түскенімен бірге, оны өндіруге катысуышылдарды азайтуға және экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік ашылды.

Кейінгі жылдары «Балқашмыс» өндірістік бірлестігі «Жезказғантұстіметалл» ғылыми-өндірістігімен бірігу инетінде біраз қадам жасап көргенмен өмір оның екі жаққа да тиімсіз екендігін дәлелдеді. Қазіргі кезеңде Балқаштың мыс өндірушілері шетел кәсіпкерлерімен байланысты күшету бағытын ұстануда. Қазірдің өзінде олар ондаған бірлескен кәсіпорынның құрылтайшысы болды. Айталық, канадалықтармен және австриялықтармен бірлесіп әмальды сым шығарған «Балқашмыс» кәсіпорны іске қосылуда. Республикадағы бірнеше кәсіпорны мен Израильдің екі корпорациясын катыстыра отырып байланыс кабелін шығару қолға алынуда. Сондай-ақ, Оңтүстік Кореяның «Джонғу металл» фирмасымен бірлесіп мыстар сантехникалық бүйімдар шығаратын кәсіпорның салу көзделуде.

Мұнымен катар «Балқашмыс» өндірістік бірлестігі шаруашылық жүргізудің жаңа тәсілдерін жетілдіруге де назар аударуда. Мысалы, өтпелі кезеңге лайық деген кіші кәсіпорындар ашу колға алынуда. Олардың ішінде цементациялық мыс шығаруды «Кенжетай» бірлескен кәсіпорны колға аласа, «Бертіс» шарын кәсіпорны өндіріс калдықтарынан корғасын тозаңын алумен катар ағарту касиеті бар зат өндіре бастады.

Жалпы, облыс түсті металлургиясы аймактың ортак тәбисина барған сайын үлесін үлғайта түсуде. Тек 1992 жылдың өзінде олар экспортқа 36,9 миллиард сомның өнімін шығарды, ішінде 28,5 миллиарды еркін конверттелеңін валюта-

ра өткізілді.

Облыс құрылғаннан бергі жынырма жыл ішінде байыргы өнеркәсіп орындарының катарына жаңа өндіріс ошақтары қосыла бастады. Бұл жылдары ырғакты жұмыс үйымдастыруда қалыптасқан дәстүрі бар Ақшатай кен-байыту комбинаты, Жезді марганец кен басқармасы мен Ақтас геологиялық барлау партиясының өндіріс қуаттары арта түсті. Алғашкысы «Казвольфрам» өндірістік бірлестігіне айналумен қатар Жамбыл кеңіншінде байыту фабрикасын іске қосып, енді Босаға кеңіншін игеруге кіріссе, екінші «Орталық», шахтасын салып, Үшқатын карьерін игеру жұмысына атсалысты, ал Ақтастағы байыту фабрикасы құнды өнімді үқсата пайдалануға жол ашты.

1991 жылғы маусымда Республика Жогарғы Қызметтердегі сессиясы Жәйрем—Атасу еркін экономикалық аймағын құру туралы қаулы қабылдаған болатын. Бұл қадам, біріншіден, мезі етіп болған орталық қолбайлаудың құтылу жолы болса, екіншіден нарықтық экономикаға көшудің жаңа бір нышаны еди.

Бастапқы кезде Жәйрем—Атасу кеңді аймағын игеруге көптеген шетел фирмалары ынталы болды. Олардың ішінде американ, югославия, ағылшын — Онтүстік Африка, Қытай, Италия фирмалары мен компаниялары болды. Француз, италияндықтармен тіптен ниет хаттамалары да жасалды.

Әйткенмен, қазіргі кезде тікелей іске кіріспін кеткен тек Түркіяның «Стефа» фирмасы ғана. Ол жылына 1 миллион 400 мың тонна Үшқатын кеңін үқсататын марганец фабрикасын салуға бет алды. Сонымен коса, 4 миллион тонна өндірітін полиметалл фабрикасының құжаттарын әзірлеуге кірісті. Одан тыс жұлдызы конақ үйі, үшу алацын салуды көздел отыр.

Келешекте ең алдымен ынталы іскер үйымдарды қатыстары отырып айрықша таза металлдар, жартылай өткізіштер, түздар, қорытпалар алу технологиясын енгізу, Батыс Қаражал кеңіші мен байыту фабрикасын іске қосу, түйрішкітеген барит концентратының өндірісін ашу, жылтыр мәрмәр тақталарын, гранит текшелерін шығару жоспарлануда.

Бұдан кейінгі кезеңдерде халық тұтынатын тауар, өндіріс бүйімдарын шығаратын, күрделі тұрмыстық, электрондық және осентеу техникаларын өндіретін бірнеше зауыттар мен

қәсіпорындар іске қосылмак.

Қалай болғанда да көзіркі уақытша қаржы тығырығына тіреліп отырғанмен бұл аймақтың бірегей байлығының заманға лайық игеріле бастантындығына күмән жок.

Өлкенің кең байлығын игеру тек ғалымдар, геологтар, білікті маман, кенші, байытушы, металлургтердің қажырлы еңбектерінің арқасында ғана мүмкін болды.

Қ. Н. Сәтбаев пен Ф. А. Байқоңыровтың лайыкты шәкірттері мен ізбасарларының арасынан Еңбек Ерлері — геологтар В. И. Штифанов, А. А. Рожнов, өндіріс басшылары В. В. Гурба, Ф. О. Омаров, кеншілер А. Құсайынов, Ф. Г. Лукинский, Қ. Кентаев, Д. Баймағанбетов, байытушы Н. Г. Чекушина, балқытушы Ж. Бейсөвтің есімдерін ерекше ілдіфат пен атау ләзім.

Сол сиякты еңбектері Мемлекеттік сыйлықпен, басқа да мірапаттармен бағаланған беделді өндіріс командирлері Ю. Б. Башилов, М. Қ. Бөпеканов, Д. О. Ешпанов, Т. У. Урумов, Н. Е. Ли, Н. И. Ильясов, Б. Г. Қурган, А. М. Лисяков, Д. Н. Павлова, М. И. Филимонов, Л. В. Загорулько, И. А. Литинский, Ж. М. Махмутов, И. В. Кондратенко, А. Ф. Оғоль, Т. М. Абдрахманов, Э. В. Қаллиома, С. Асатов, Б. Садыков, М. И. Жаркенов, Қ. Қүсенов, О. Да. Исаев, А. Тусіпбеков, С. Болатбеков, Н. Қәкеновтің ізденімназдықтары мен үйимдастырушылық қабілеттері өз салаларындағы үлкен жетістіктердің шегізін қалады.

Сол сиякты, әйгілі конверторшы О. Мейрамов, кеншілер Б. А. Марцинкевичус, Н. И. Макаров, А. Бекматов, кенші — жүргізуші Р. М. Гаевой, флотатор Э. А. Сивожелезова, балқытушы С. Салқауов, А. Томпаевтар да қажырлы еңбектің небір үлгілерін көрсетіп, мемлекеттік премиялармен катаң жүртшылық құрметтіне бөлөнуде.

Казыналы аймақтың байлығын ел иігілігіне айналдыру жәнінде ауқымды жұмыстары жалғасын табуда және інтижесін берері сөзсіз. Оған кепіл жеріміздің тұнып тұрған бірегей асыл қоры және жеказғандықтардың біліктілігі мен қажырлы еңбегі.

## КӨРКЕЮ ЖОЛЫНДА

Облыс орталығы Жезқазганның ең көрікті жерлерінің бірі Алғашқы құрылышылар алаңы. Қеңір су қоймасының жиегінде кеккө шанышла көтерілген биік түғырдың тепкішегінде құрылышы жігіт пен қыз мұсіндері. Олар осынау жазириалы кең өлкедегі қаулаған құрылыштың іргетасынан бастап ірі кәсіпорын, жайлы тұрғыны үй, колайлы әлеуметтік орындар, саялы бау орнатқан, түптеп келгенде облыстағы елді мекендердің келбеттерін көлістіргендердің жиынтық бейнесіндегі.

Облыстағы әрбір кәсіпорын, әрбір ауыл, мөлтекаудаң, мектеп, емхана, бала бақшасы, тіптен әрбір пәтерде мындаған құрылышылардың оларды әсемдеп әрлекен қолтанқасы қалғандай.

Әрине, тарих үшін жиырма жыл деген онша үзак мерзім емес. Дегенмен осы уақытта бой көтерген ірі кәсіпорындар мен көркі көз тойдырар сәулетті мекендер де аз емес.

Құрылышылардың негізгі күші облыста тау-кен және металлургия саласын дамытуға негіз қалау, табиги байлықтардың жаңа кеништерін өндірістік жағынан игеру, жаңа қала мен кент, жоғарывольтық электржелілерін, автомобиЛЬ және темір жолдарын, ауыл шаруашылығы өндірісінің, су шаруашылығының объектілерін салуға жұмсалды.

Әлбette, ең алдымен кыны да, қыруар каржыны да қажет ететінде де күрделі құрылыш. Олардың ішінде де қашанда тамсана айтуға тұрарлығы Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев, Жәйремдегі өндіріс алынтары.

Бастапқыдан атактары тау жаңғыртқан «Казмедьстрой», «Прибалхашстрой», Жезқазған шахта-проходкалау трестің облыс құрылуына және аринаулы құрылыш аукымы кеңеюш байланысты жаңадан «Жезқазғансельстрой-11», «Жезқазғанводстрой», № 17 жол құрылышы трестері және бірнеше жылжымалы механикаландырылған құрылыш колонналары ашилды. Кейінірек, 1980 жылы «Казмедьстрой» тресінің негізінде бірнеше трестердің басын құрған ірі «Жезқазғантяжстрой» құрылыш бірлестігі құрылды.

Облыстағы құрылыш-қырау жұмыстарының жалпы көлемінің есү қарқыны жалпы республикағыдан әлдеқайда жоғары болды. Құрылышылардың қарқынды енбегінің түп-

кі нәтижесін мына цифrlардан да аңғаруға болады. Өткен жыныра жыл ішінде 8 миллиард 285 миллион сомның негізгі корлары іске қосылған, оның ішінде өндірістік мақсаттағысы — 6 миллиард сомнан астамы. Осы кезеңде жұмсалған 15 миллиард сомға жуық негізгі қаржының 1,2 миллиарды түрғын үй құрылсынына жұмсаған. Жалпы 8,9 миллиард сомның құрылыс — құрау жұмыстары жүргізілген.

Облыс құрылғаннан бері жалпы ауданы 3 миллион 576 мың шаршы метр түрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен қатар 42920 орындық мектеп ғимараттары, 14560 орындық мектепке дейінгі балалар мекемелері, 1660 төсекорындық аурухана, 6410 адам қабылдайтын емхана, 5910 орындық мәдени ошақтар, 2880 орындық қасіптік-техникалық училищелер іске қосылды.

Құрылыс жұмыстарын ширата жүргізуде құрылыс материалдарын шығаратын жаңа зауыттардың іске қосылуы да үлкен әсерін тигізді. Осы жылдары 500 миллионға жуық шартты дана кірпіш, 550 миллионға таяу шартты дана үй құрылсының ірі текшелері, 2 миллионға жуық теқше метр құрастырмалы темір — бетон бүйімдары шығарылды.

Өндірістік маңызы бар обьектілерді салудағы Жезказған шахтапроходкалау тресінің ұдайы ырғакты жұмыс жасауы нәтижесінде түсті металлургияны шикізатпен қамтамасыз етуде іркіліс болмайтында жағдай туғызылды. Осы бір алып құрылыс ұжымын ұзак жылдар басқарған Социалистік Енбек Ері Фазиз Омаровтың есімі қашан да ілтифатпен аталуда.

Облыс орталығы, металлургтер қаласы — Жезказған да әкімшілік-мәдени орталық ретінде жаңғыр, сөүлдеттеген, ұлғая түсті! Өндіріс қажеттілігіне орай тасқын жерге ірге тепкен Жезқазганның сөүлетінің негізін салудағы, әсіресе, өнірін жасыл желекке бөлеудегі еңбегіне сүйсіндірген бір кезде қала басшысы болған Ошақбай Асылбековтың есімін жүртшылық әрдайым ризашылық сезіммен атап келеді.

Жезқазғандағы 9 кабатты ғимараттармен қатар облыс орталығы мен Сәтбаев қаласындағы 97-ші сериялы жағдайлары түрғын үйлер, тұрмыска жайлы коттедждер, кейінгі жылдары каулай көбейген саяжайлар көз тойдырады. Сол сиякты, кезінде аты шықкан Балқаш құрылышшылары да қала түрғындарына «мобиъ» сериялы әсем үйлерді тарту етуде,

Бір кезде бірді-екілі ғана құрылсыы бар Жәрдем де осы күні едәуір ірі кентке айналды. Бұлармен бірге Ақадыр, Жанаарқа, Жезді аудандарының, кейінде құрылған Приозер ауданының орталығы Шашубай поселкесі де көз алдымызда ұлғайып, көркейген елді мекендер.

Облыста елді мекендер аралығында жол катынасын жетілдіру мақсатында жасалған жұмыстар да қыруар. 1973 жылы облыс территориясындағы республикалық маңызы бар тас жолдың ұзындығы 2957 километр болса, қазір 4145 километрге жеткізілді. Осының ішінде төсемі асфальттамаған жол 345 километрден 2178 километрге, төсемі киырышқа тас жолдар 780 километрден 1910 километрге ұзартылды. Осы бір маңызды саланы бір кезде білікті басшы Г. И. Осаяқни басқарса, кейінде жас маман А. Ж. Жүйісов лайыкты жалғастырып келеді.

Дегенмен, Республикадағы ең көлемді облыс болғандықтан, нарыктық жағдайда өлкені игеру жұмыстарын ширатуда елді мекендердің шалғайлығы, сенімді жол катынасы болмауы бөгесін болары анық. Алда автомобиль жолдарын ұзарту және сапасын жақсарту жөнінен аткарылар іс ауқымы аз емес.

Облыс отау тіккеннен бергі уақытта аймақты электрлендіру жөнінен де біраз ауыз тұшытарлық жұмыстар аткарылды. Осы кезеңде жақадан төрт тораптық аудан құрылды, жоғары кернеулі электр желісі 2116 километрден 11467 километрге дейін ұлғайтылды. Оның ішінде ірі өнеркәсіп орындарын сенімді электр қуатымен қамтамасы ету мақсатында Ақадыр—Жезқазған, Ақадыр—Қаражал желілері тартылды. Байқоңыр космодромы үшін де, Павлодар — Шымкент мұнай құбыры бойына да, Құмкөл мұнай кенінін игеру мақсатына да жақадан ірі желілер тартылды. Қөптеген аудандар мен совхоздарды жүздеген километр электр желілері жалғыстырыды. Осы саланың негізгі кәсіпорыны облыстығы жоғары кернеулі электр жүйесін ұзак жылдар бойы Р. Н. Пасынков басқарып келеді.

1985 жылы Мойынты—Сарышаған темір жол участкесін электрлендіруді аяқтаудың да маңызы зор болды.

Сол жылы пайдалануға берілген ұзындығы 186 километрлік Саяқ — Актоғай темір жолы аймақтагы өндірістік қуат-

тарды шикізатпен қамтамасыз ету мүмкіндігін ұлғайта түсті.

Әтбетте, бұл жұмыстар тасымалдау мүмкіндіктерін артыруды. Автомобильмен жүк тасымалдау 95 процентке өсті, жүк айналымы үш еседей артырылды. Ал темір жол бойымен жолаушы тасымалдау 33 процент ұлғайды.

Жезқазған облысын Республикалық негізгі магистральға шығару мақсатында Жезқазған — Қызылорда темір жолын салу жөніндегі жобалау жұмыстары келешекте шаруашылықтың қай саласына болмасын көп мүмкіндіктер ашуға тиіс.

Облыс құрылған түсінік барлық байланыс құралдары Карагандыға телулі болатын. Ауылдық жерлермен телефон байланысы сым желілер арқылы, ал телеграфтық байланыс не 30-шы жылдардағы деңгейдегі жабдықпен, немесе тіншін ауызша хабар арқылы жүргізілетін.

1980-1983 жылдары Жарық — Жанаарқа — Жезқазған кабельдік желі байланысы орнатылса, 1988-1989 жылдары калааралық телефон байланысының сыйымдылығы 180 калилға ұлғайтылды. 1987 жылы Жезқазған — Жезді, кейіннеке Ұлытауға дейін жеткізілген кабель желісі іске қосылды.

Жезқазған—Жарық—Балқаш, Жарық—Ақсу-Аюлы радиорелелі желі салуына байланысты телефон діні одан сайын дами түсті. Бұл жұмыс енді Ақадыр—Ақшатау—Ақжал ғалытында жүргізілуде.

Облыс құрылған жылы 17 мынға жуық абонент болса, қазір 67 мындан асып отыр.

1973 жылы облыс көлемінде 6 телевизиялық қондырыбы болатын, онда да жүртшылықтың 68 проценті, оның ішінде ауылдық жердің 4-ақ процентін қамтитын жалғыз ғана орталық бағдарлама болатын.

Бүгінгі күні хабар таратушы қондырылардың саны 120-ға жеткізілді; онда да олардың 17-сі қуатты қондырылар. Жүртшылықтың орталық бағдарламамен қамтылуы 97,3 процентке, онын ішінде ауылдық жерлердің қамтылуы 70 процентке жеткізілді.

1985 жылы облыстық радиотелеорталық тұнғыш рет өз телехабарларын түрлі-түсті етіп жүргізуге мүмкіндік ашса, өткен жылдан бастап республика телерадиокомпаниялары

арасында бірінші болып өз «Дидар» телевидеоканалын ашып отыр.

Жезказған, Балқашка радиорелелі желі тартылуы, Жарықта ғарыштық кабылдау станциясының салынуы республикалық бағдарламамен халыктың 66 процентін, ал ауыл тұрғындарының 40 процентін қамту мүмкіндігін туғызып отыр.

Казіргі уақытта Германияның «Алкатель» фирмасымен келісім бойынша Жезді, Ұлытаудың шалғай жаткан елді мекендерімен тиянақты телефон байланысын орнату жұмыстары жүргізілуде. Осы фирманиң көмегімен Жезказған — Жарық — Балқаш бағытымен жасалмак калааралық байланыс жалпы мемлекеттік жүйеге шығуға, яғни бүкіл Қазақстан және ТМД елдеріне тікелей байланыска шығу мүмкіндігі ашылады.

Дегенмен, жалпы шаруашылықтағы іркілістер аталған салаларға әсерін тигізуде. Автокөлік арқылы жүк тасымалдау 30 процентке жуық көміс, оғын арқылы жолаушы тасуда осынша азайды. Барлық көліктің тасымалдау бағасы бірнеше есе артыл отыр.

Сол сияқты, байланыс қызметінің бағысы да шырқан кетті. Айтальық, пошта тарифи 25 есе, телеграф — 9 есе, ал телефон байланысы 8 есе кымбаттай түсті.

## АУЫЛ ТАҒДЫРЫ — ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Ауыл шаруашылығының даму тағдыры ең алдымен жер байлығына байланысты екендігі даусыз ақиқат. Бұл жөнінде аймақтың мүмкіндігі аз емес — ауыл шаруашылығын өркендестуге жарамды жер коры 25 миллион гектардан асады.

Әлбетте, облыс құрылғаннан бергі кезеңде облыстың егістік алқабының үлгайтылуы заңды құбылыс. Осы жылдары жалпы егістік аудан 439,2 мың гектардан 544,1 мың гектарға өсті. Оның ішінде дәнді дақылға ариалғаны 286,7 мыңнан 379 мың гектарға, картоп — 0,5 мыңнан 6,4 мың гектарға, ал көкөніске пайдаланған жер көлемі 0,35 мыңнан 2,1 мың гектарға жеткізілді.

Ауыл шаруашылығының материалдық базасын нығайтуда едәуір жұмыстар аткарылды, оның өндірістік коры да, энергетикалық қуатыда ұлғая түсті. Техникамен жарактану

дәрежесі өсті: трактор саны 3853-тен 4569-ға, автокөлік саны 1634-тен 2404-ке дейін көтерілді. Шалғай ауылдардың көншілігіне электр желілері тартылды.

Бұл жылдары дербес шаруашылықтар саны көбейе түсті, Қенгір ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы, Талап ауыл шаруашылығы техникум-совхозы құрылды. Олармен бірге жаңадан Еңбек, Сарыарқа, Сәтбаев, Жетіқоныр, XXV партсъезд, Ақтасты, Абай, Урожайный, Терісаккан, Дария, Батық совхоздары пайда болды. Кейінгілердің бірағы бертін келе ұжым шаруашылықтарына айналды.

Осы аралықта жер өнімдерін өндіру барлық шаруашылық түрлерін қосып есептегендеге дәнді дақыл өндіру 138,2 мың тоннадан 293 мың тоннаға дейін өсті, ал көкөніс өндіру 14 мың тоннадан 33,5 мың тоннаға дейін көбейді. Астық дайындау жөнінен откен 1992 жыл табысты болды. 1973 жылмен салыстырғанда 25,4 мың тонна астық артық алынды.

Облыстық ауылшаруашылық алқабының дені жайылымдық жерлер, сондыктan егістікten гөрі мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлышақ. 1973 және 1992 жыл аяғындағы бар-мал басын салыстырсақ бір қарағанда өсім едәүір: ірі кара саны 105,8 мыңнан 168,4 мың басқа, оның ішінде сиры 35,7 мыңнан 70,5 мың басқа, қой-ешкі 1130 мыңнан 1152,6 мың басқа, жылқы 53,2 мыңнан 76,5 мың басқа көтерілген.

Осыған карамастан мал өнімдерінің сүттен өзгесін өндіру де, дайындау да азайып кетіп отыр. 1973 жылғы өнім мен 1992 жылғының салыстырсақ тірідей салмақлен есептегендеге еттің барлық түрінің өндірілгені 49,1 мың тоннадан 46 мың тоннаға, дайындалғаны — 34,7 мың тоннадан 18,8 мың тоннаға дейін кеміген, Сол сияқты таза қылышқты жүн дайындау 1700 тоннадан 822 тоннаға дейін түскен.

Облыс құрылғаннан бері ауыл шаруашылығын жеделде-те дамыту, ауыл-селолық инфраструктурасын жетілдіру, село тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту жөнін заманына орай небір әсем партиялық-мемлекеттік бағдарламалар белгіленіп, шешімдер қабылданған болатын. Тіптен кейінгі жылдары Ұлытау, Ақтөрек аудандары Республикадағы артта калған отыз аудан катарына жаткызылып арнайы мемлекеттік қамқорлыққа алыну жөнінен үкімет үйгарымы да болған. Жезді ауданды экологиялық апат аймағы деп белгіленген болатын.

Алайда, ауыл шаруашылығының жалпы даму карқыны да, ондағы еңбек ырғактығы мен еңбек өнімділігі де, шығарылатын өнімнің өзіндік құны да, ең бастысы, ауыл еңбеккерлерінің жұмыс жағдайы да, тұрмыс дәрежесі де аландатарлық қүйде.

Осыған қарамастан, 80 - ші, 90 - шы жылдары ауыл шаруашылығымен, әсіресе, мал шаруашылығымен шұғылданғандардың саяси боямасыз, шын мағнасында жанқиарлық пен енбектенуінің арқасында жылма-жылғы мал басын сактау, оны ұлғайту, мал өнімдерін көбейту, сапасын жақсарту жөнінде едәуір істер тындырылды. Оның дәйекті айғактарының бірі — облыс аудандары, шаруашылықтары мен жекелеген озаттардың Одактық, Республикалық жарыстардың бірнеше дүркін женімпаздары болып атанды.

Сол жылдары өз ісін жетік білетін, еңбекке адал қанша-ма басшы, маман, шопан-малшы, механизатор, дихан, болды десенізші. Социалистік Еңбек Ерлери Ж. Айтуаров, Э. Сыздықов, К. Тұржанбаев, С. Ыскаков, М. Берденов бірнеше мэрте үкімет наградаларына ие дала академигі атанған З. Қөпбаев, Ү. Сұлтанбеков, Ү. Тынымбаев, З. Әділханов, З. Әбілдин, М. Бабашев, М. Нисин, О. Райымбаев, О. Қыдырпатшаев, К. Тұяқбаев, С. Жұматаев, Ө. Өксүкбаев, С. Сейілханов тағы қоپтеген шопандар басқа табыстармен де азаматтық тұлғалармен де абыройға бөленді. Село механизаторлары арасында Н. Ибрағимов, Е. Мақажанов, А. Бөлішбаев, Г. Сүлейменованаң есімдері де әлі күнге ел аузында.

Бұрынғы КСРО тұсында, әсіресе, оның қайта құру дең аталған ентелеген өзгерістер кезеңінде аграрлық саясаттан жін күбылғаны, сірә, болған жоқ шығар. Ауыл шаруашылығының басқару органдары мен құрылымын сан рет екіушты жағдайда қойып, тәжірибе жасау жиілеп кетті. Осының салдарынан қалыптасып калған шаруашылық катынастары баған сайын осалдай берді.

Ал, кейінгі жылдары егеменді Республикада басталған экономикалық реформалардың, сөз жоқ, ең алдымен ауыл шаруашылығына әсері бірден сезілді. Әсіресе, меншік түрлерін өзгерту, оны мемлекет нелігінен алу мен жекешелендіру үрдісі ауыл еңбеккерлерінің біраз белігін қамтыды. Қазіргі уақытта облыс ауыл шаруашылығында 675 шаруа (фермерлік) қожалықтары, 28 дербес селолық кооперативтер, 83 ша-

ғын кәсіпорындар үйімдасқан. Оларда жалпы 5,5 мыңдан астам адам енбек етуде. Оларға 3 миллион гектардаі жер, 255 миллион сомнан астам негізгі және айналым коры бекітіліп берілген. Олар 15,8 мың ірі кара, 375,5 мың бас кой мен ешкі және 14,6 мың бас жылқы сатып алған. Бұдан тыс олардың қарамағында 622 трактор, 443 автомашина, 112 комбайн, 242 тіркеме және 665 басқа да ауылшаруашылық техникасы бар.

Егіншілер үшін өткен жыл сөтті болғанымен мал шаруашылығы қазіргі кезеңде едәуір алаңдатырылған жағдайда.

Жемшөп тапшылығы, өлім-жітімнің үлғаюы, мал басының біразының шаруа кожалықтарына сатылуы совхоздар мен шағын кәсіпорындар қарамағындағы малдардың күрт азауына әкеліп отыр. Айталық, 1993 жылғы 1 қантарда 1991 жылмен салыстырғанда ірі кара саны 13,63 мың басқа азайып, 78,93 мыны қалып отыр. Сол сияқты кой басы да 314,27 мыңға кеміл, 633 мың ғана болды. Жылқы 1268 мыңға азайып, 26,29 мыны қалды. Ірі қараның өлім-жітімі 21,8 процентке үлгайды. Сол сияқты 156,28 мың кой, 2,4 мың жылқы шығын болды. Осыларға байланысты ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірілуі де, сатылуы да азая тусти.

Негізгі өндірістегі мұндай жай-күй мен басқа да әлеуметтік-экономикалық сілкіністер ауыл тұрғындарының тұрмысына да, ауыл шаруашылық өнімін өндіру дәрежесіне де алаңдатарлық салмақ түсіруде.

Осындай тығырыктан шығудың, оның ішінде мал шаруашылығының күйзелісін азайтудың бір жолғы шаралары Қазакстан Республикасы Жоғарғы Қеңесінің «Мал шаруашылығын дамытуың және тұрғындардың әлеуметтік коргалуының экономикалық жағдайларын жасау шаралары туралы» 1993 жылғы 30 қантардағы қаулысында көрсетілген. Онда едәуір онды шешімдер белгіленген. Дегенмен, ауыл шаруашылығын дамытудың ор аймақтың өз ерекшеліктерін ескеретін кешенді бағдарламасын жасамай және жан-жақты қарастырылған аграрлық саясат ұстанбай елде азық-түлік мәселесін шешу де, ауыл тұрмысын көтеру де онайға түспейді.

Калай болғанда да, Қазақстанның, оның ішінде Жезказған облысының ауылдық жерлерінің өз ерекшеліктерін еске кере отырып жасалған қадамдар ғана өз нәтижесін бермек.

Ондаған жылдар бойы бойсінді болған науқаншылдыққа жол беруге болмайды. Бірінен-бірі ажырағысыз жер тағдыры мен ел тағдыры үлкен жауапкершілікті қажетсінеді.

### Әлеуметтік ахуал

Жезқазған өнірінің дербес облыс болуы аймактағы елсұлтандырылған әлеуметтік өзгерістерге негіз қалады. Ең алдымен, халық ағарту, білім беру саласында ірі жаңғырулар болды.

Облыс құрылған бетте-ак өз алдына кадрлар даярлау мөсесі қөлденең тұрды. Осы қажеттілікті өтеу мақсатында 1977 жылы облыстағы алғашқы жоғарғы оқу орны—педагогикалық институт ашылды. Бүгінгі күні бұл институт көптеген мамандықтар бойынша білікті кадр даярлайтын республикалық танымал оқу орнына айналды. Сол сияқты, әу баста Қарағанды политехникалық институтының филиалы—бүгінде О. А. Байконыров атындағы тау-кен технологиялық институты болып халық шаруашылығына аса қажетті инженер-экономистер даярлауда. Қазір бұл екі институтта 4,5 мың студент дәріс алада.

Облыс тарихының алғашқы жылдарында дүниеге келген мәдени-ағарту училищесі мен музыкалық училищесінің түлектері де рухани мұрамызды байыта түсуге атсалысада. Бұл екеуінен тыс жеті арнаулы орта оқу орнында, 17 кәсіптік-техникалық училищелерде түрлі сала бойынша мамандар мен кәсіби деңгейі жоғары жұмышы кадрлары шығарылуда.

Откен мерзімде халық ағарту саласында да үлкен сандықта, сапалық та өзгерістер болды. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің саны 180 - нен 287 - ге дейін өсті, ондағы төрбиеленушілер саны 24,5 мыңнан 34,7 мыңға дейін көтерілді.

Жалпы білім беретін мектептердің бастауыштары мен сегізжылдықтары азайып, слардың есебінен орта мектеп саны көбейе түсті. Қазір 145 орта, 37 сегізжылдық, 56 бастауыш мектепте 91 мың шәкірт білім алдып, тәрбиеленуде.

Қазіргі уақытта мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтылуына, заманға сай жабдықталуына, ең алдымен компьютерлендіруге ерекше назар аударылуда.

Кейінгі жылдары мектептерді гимназия, лицейге айнал-

Дыру бағыты ұсталуда. Бұл істе Қалқаш, Жезқазған, Сөтшаев қалалары едәуір шаруа тындыруды. Жекелеген пәндерді терендете оқыту кластары көбейіп келеді: 62 мектептің 259 класында 5 мыңдан астам оқушы жалпы мектеп бағдарламасынан тыс терең білім алуда.

Тіл туралы Заңға сәйкес көптеген жұмыстар атқарылуда. 287 мектепке дейінгі балалар мекемесінің 103 - і қазақ тілінде тәрбие береді. 35 аралас балабақшаларда қосымша 109 қазақ тобы ашылды.

Бұлармен қоса, 67 мектептен тыс мекемелер жұмыс жасауда, олардағы 2 мыңдан аса үйірмелерге 69 мыңға жуық оқушылар қамтылған.

Бұғынгі күні мектептерде 7658 ұстаз сабак беруде. Облыс құрылғалы жоғары білімді мұғалімдер саны екі еседен астам көбейді. Олардың арасында 14 ұстаз «Қазақстан Республикасына еңбек сіздірген білім беру қызметкері» күрметті атағына номинанттар, 653 - і халық ағарту ісінің үздігі.

Облыстағы денсаулық сактау саласы да ұдайы назарда келеді. Откен мерзімде 64 медициналық мекеме ашылды. 2310 төсек-орындық, 19 аурухана, 6900 адам қабылдайтын 24 поликлиникника іске қосылды. Олардың ішінде облыстық көпсалалы аурухана, туберкулез диспансері, онкологиялық диспансер, облыстық балалар ауруханасы, облыстық денсаулық орталығы, тағы басқа көптеген мекемелер ашылды.

Қазіргі кезде 29 селолық дәрігерлік амбулатория, 24 участкелік аурухана, 69 денсаулық пункті, 17 қалалық аурухана, 9 мамандырылған диспансер, 3 жедел жәрдем станциясы, 3 стоматологиялық емхана жұмыс істеуде. Бұларға қоса балалар сауықтыратын 11 санаторий және бар.

Кейінгі уақытта арнайы медициналық көмек көрсету қызметі дами түсінде, бұғынде олардың саны 335 - ке жеткізілді.

Емдеу-диагностикалық жұмыстар жетілдіріле түсті. Бұл істе әлемдік медицинаның озық үлгілері колданылатын, біре-гей шетелдік жабдықтармен жаракталған диагностикалық орталықтың атқарып отырған жұмысы көптеген аурулардың алдын алуға шипалы ем жасауға сенімді негіз болуда.

Жыл өткен сайын медицина қызметкерлерінің саны да, сапасы да жақсара түсүде. Бұғынгі күнгі облыста 1770 жоғары білімді дәрігер еңбек етуде. Олардың ішінде 9 ғылым кандидаты, 16 Республикаға енбекі сінген дәрігер, үш жүзден астам дәрігер категориялы мамандар.

Осындай ак халатты жандардың риясіз енбегінің нотижесінде денсаулық сақтау саласында көптеген сапалық өзгерістерге кол жеткізді. Балалар мен аналарды корғау, эпидемиологиялық жағдайды жақсарту багытындағы жұмыстар інтижелі жүргізілуде. Медицинаны үйімдастыру ісін жетілдіруге де ерекше ден койылуда. Каражал қаласында сактандыру медицинасын енгізу жөнінде тәжірибе жинақталуда. Амбулаторлық-поликлиникалық қызметті қайта қаруа ісі ойластырылуда.

Денсаулық коргаудың маңызды бір саласы дene тәрбиесі мен спортты дамытуда да біраз жұмыс атқарылды. Казір ондаған стадиондармен қатар 210 спортзал, 630 спорт аланы жұмыс істейді, Әйгілі спортсмендер қатары көбеюде. Жанаақылдық Канат және Жанат Байшолақовтар әлем, Европа, Азия чемпиондары болса, Виталий Савин, Елена Чебукина Олимпиада чемпиондары болды.

Жұртшылықтың күнделікті түрмисында сауда қызметінін алатын орыны ерекше. Казіргі уақытта сауда жүйесінде 107 мың шаршы метр ауданы бар 1029 сауда орыны, 548 когамдық тамактандыру орыны жұмыс істейді. Олардың ішінде облыс күрылғаннан бергі сойкес ашылғандары — 83 дүкен мен 67 асхана.

Сауда қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі — бөлшектауар айналымы. Өткен жиырма жыл ішінде әр жылдың өз бағасымен алған да тауар айналымы жалпы 48 есе, ал түтүн жүйесінде 40 есе арты. Осы көрсеткіш когамдық тамактандыру саласында 49 есе, өз өнімдерін сату жөнінде 56 есе ости.

Тауар айналымының жартысынан астамы сауда министрлігі жүйесінің, 18 проценті негізінен ауылдық жерге қызмет ететін тұтыну одағының, қалғаны жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің үлесі.

Кейінгі уақытта сауда жүйесін шұғыл өзгерістер деңдеуде.

Көшілік дүкендер мен асханалар меншіктендірілуде. Сауда саласына нарық модельдерін енгізу талпынысы, яғни, бәсекелестік арқылы тұтыну жаймасын толтыру мақсаты әзірге нәтиже бермей отыр.

Сонымен бірге, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету салаларының жүйесі жетілдіріліп, жүртшылыққа көрсетіліп қызмет түрлерінің саны көбейе түсті.

Отken мерзім ішінде облыстағы тұрғын үй коры да біршама ұлғайды: 1973 жылы ол 4864 мың шаршы метр болса, қазір 8378 мың шаршы метрге жетті. Яғни, бұл жан басына шакқанда әуелгі 11,3 шаршы метрден 16,9 шаршы, метрге көтерілді деген сез. Отken жылдан ғастап мемлекеттік және жобамдық тұрғын үй корының пәтерлерін жекешелендіру басталды. Олардың 90 проценттен астамы купонға берілді.

Акшамың, күнсөзшашық, тауғардағышын, бағасынын, шыркай өсуіне орай жүртшылықты әлеуметтік жағынан қорғау мақсатында біраз салаларда орташа енбекакы өсірілгенмен же тімсіздік барған сайын ұлғая түсude. 1991 жылмен салыстырганда орташа жалакы облыс бойынша 11 есе өсті. Алайда, нарық бағасы одан да көп өсті.

Осы жағдайларды реттеу ииетінде зейнеткер, жалғызлік-ті, көпжанды отбастарын қорғау ииетімен зейнет коры да құрылды, біржолғы жәрдемакы да Караптырылуда, әйткенмен, баға жеткізер емес.

Әзірге кең етек жая қоймағанмен жұмыссыздық та белен ала бастады: жұмыспен қамту қызметі органдарына 800-ден астам адам тіркелген.

Жалпы халықтың тұрмыс деңгейін төмендей түскенмен нарықтық катынас тиімділікке жеткізеді деген экономикалық реформалар мен жүртшылықтың нарықтық жағдайға өздерінің бейімделуі халықтың әл-аукатын көтерері сөзсіз.

## РУХАНИ МҰРАҒА АДАЛДЫҚ

Қазақтың үлттық, оның ішінде Арқага тән ән-күй, жыр, айтыс, колөнері, салт-дәстүрлері облыс өз алдына отау тіккеннен кейінгі кезеңде айрықша серпіліспен дами тусты.

Ен алдымен, халық ортасында жүрген гума галанттарды іздестіруде, оларды көркемөнерпаздар ұжымдарына, кәсіби сахнаға тартуда жана облыстың идеологиясын басқарған Жылқыбай Арапбаев пен облыстық мәдениет басқармасының алғашқы басшысы Қалкен Мәкенбаевтың ізденімпаздығы мен табандылығын ерекше атау парыз.

Жезказған өнірінің төл перзенттері Әсет, Шашубай, Тайжан, Манаrbек, Құләштардың тынысы кең, әуелеткен ән дәстүрін 60-шы, 70-ші жылдары әдемі жалғастырып келген жаңаарқалық Игілік Омаров, пен Құлмағанбет Нұрмаманбетов, актогайлық Түрған Түсінбаев, Оралтай Сүлеменов, Толсу Аяғанова, ақшатаулық Гүлбарышын Ақланованың, күйшилдер Жаксырық Омашев, Мұхаметжан Тілеуханоңтардың орындау шеберлектерін үлгі тұтқан жаңа буын, жас толқын өнерпаздар іле көтеріп әкетті.

Облыс құрылған бетте-ак кейінде Қазақстан Республикасына енбегі сіңген мәдениет қызыметкөрі атағына ие болған, әнші-сазгер, тұма дарын Жаксыкелді Сейіловтің құрған «Карракөз» ансамблінс небір шеберліктері көнерінен тасып тұрған әуескөй ұжымдар қосылды.

Кәсіпқой режиссер марқұм Серік Елеусізов пен би өнірінің республикадағы ен ірі маманы Заурбек Райбаевтың катысуымен облыс орталығында үйымдастырылған «Ұлытау» әстрадалық ән-би ансамблі алғашқы кезден-ак өзінің жоғары орындаушылық шеберлігі, сахна сәнділігі мен мәдениеті, кәсіби екшеленгендегі тартымды екпінімен барлық жүрген жолында көрермендерін бірден баурап әкетті. Олардың өнерине республиканын көптеген облыстары, Алматы, Тбилиси, Вильнюс, Мәскеумен қоса сол тұстасы екі Герман мемлекетті, Исландия жүртшылығы да сүйсіне көл сокты.

Осы бір ансамбльдің өнер деңгейі мен сахналық табысы аудан қалалардағы қаулаі көтеріле бастаған көптеген көркемөнерпаздар ұжымдарының талғам үлгісіне айналды. Актогайдың «Токырауын толқыны», Жездінин «Жезді жұдайлары», Балқаштың «Сарыарқа», «Балхашские зори» ли би

ансамбльдері, Ұлытаудың хоры, Жаңаарқаның «Жаңаарқа» «Назқоныр», Никольскийдің (кейінгі Сәтбаев) «Арман» Шеттің «Ақсу-Аюлы» фольклорлық, ән-би ансамбльдері бірінен бірі өтетіндегі өнер бәсекелестігінің тамаша серпін куатын көрсетті. Жездінің халық аспаптар оркестрі де осы кезеңде шеберліктерінің шырқауына көтерілді. Осы ұжымдардың көркемдік жетекшілері Д. Сәдуақасов, М. Шоктаев, Т. Қайсынов, Қ. Фазизов ел ішінен жарып шыққан тума дарын, қабылетті ұйымдастыруышы, талғампаз өнерпаздар екендігін дәлелдеді.

«Жезді жұлдыздары» ансамблінің Мәскеуде, Жұлдызы қалашықта, ал «Тоқырауын толқындары» ансамблінің алдымен Мәскеуде, кейінрек Венгрияға барған шығармашылық сапарлары шын өнердің қай жерде болмасын лайықты бағасын алатындығына қосымша айғақ болды. Осы екі ұжым Казақстан халықтарының өткен жылғы форумының корытынды концертіне шақырылуы да көздейсөк емес. Бұл ұжымдардағы әсем әңшілігімен елге танылған Д. Ақатаева, Э. Казбан, Қ. Қожамбаев, А. Ақанов, Қ. Нұғманова.

Заман ырғағына орай үгіт бригадаларының да дәүірлеген кезеңі болған. Ақтогай мәдениет үйінің «Максат» үгіт бригадасы республикалық байқауда екінші орынды иемденсе, Жезді мәдениет үйінің «Байқоныр» халықтық үгіт бригадасы екі рет сценаріи бойынша да, қойылымы бойынша да республикада шаппайбер бірінші бәйгені женип алды.

Облыс отау тіккен соң көп кешікпей бертінде Т. Қалмағанбетов есімі берілген облыстағы тұңғыш кәсіпқой өнер ұжымы — сбыстық филармония құрылды. Филармонияның тұңғыш директоры Бектұрсын Шортанбаевтың осы ұжымды қалыптастырудары енбегі айрықша. Осы ұжымдығы қысыжазы қаладан-қала, ауылдан-ауыл, республикадан-республика аралап Арқа өнеріне сүйсіндіріп келген Ж. Сейілов, Б. Дәркенбаев, Ф. Мұхамедин, Ә. Көшеноғов, үйелменді Болат, Ахмедия және Мара Есмұқановтар кашан да құрметпен қабылданып жүрген өнерпаздар.

Сонау 60-шы, 70-ші жылдарда ауылдық саҳналардағы алғашқы үзінді қойылымдардан басталған драмалық өнер бертін келе кәсіби деңгейге пара-пар ізденіс пен деңгейге көтерілген толыққанды драма ұжымдары болып қалыпта-

ты. Балқаштағы Металлургтер сарайының, Ақтогай, Жаңаарқа, Шет аудандық, Ұлытаудың «Амангелді» совхозының драмалық ұжымдары классик драматургтердің кесек туындыларын, музыкалық-драмалық шығармаларын сескенбей-ак ұсынып, көрерменің қоса толқытып, қоса қобалжытатын дәрежедегі койылымдар ұсынып, кошеметке бөлөнді. Тіктен бертін үйымдастқан Ақадыр ауданының К. Мынбаев атындағы совхозының драма ұжымы да лайықты баға алғып келеді. Олардың барлығының халықтық атағы бар.

Бұл тұста арнайы білімі болмағанмен ішкі эстетикалық таразылары бар, табиғи сезіну қабылет дарыған, ізденім-паз зуескій режиссер-қоюшылар М. Еленбаева, Т. Мұқанов, бертінде Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызыметкері құрметті атағына ие болған Ж. Бірманов, А. Шайбековтың еңбектерін түстеп айтываемыз қажет. Сонымен бірге Э. Бекетаев, Э. Бәкіров сияқты шаруашылық пен өнерге қамкорлық тізгіндерін тен ұстайтын көзқарасты ел ағаларына дән ризалықтан өзге сезім болмауға тиіс.

Облыстағы екінші бір кәсіпкөй коллектив — облыстық қуыршақ театры. Қазақ және орыс топтары бар бұл ұжымның актерлері балдырыған, оқушылар арасындаған емес, ересектерді де тәнті ететін қойылымдарға қол жеткізіп жүрген ұжым. Олардың қуыршақтармен қойған спектакльдері республикааралық байқауларда оқшау аталып тұр. Осы театрдің бірнеше актері Польшада өткен халықаралық бәсекеде жүлделі орынға ие болып оралды.

Торғай облысын тарату жөніндегі 1988 жылғы жосықсыз шешімі сонда түлеп-қалыптасқан С. Қожамқұлов атындағы музыкалы-драма театрының біздің облысқа келіп қоныс тебіне себепкер болды. Ақиқатына жүгінсек, жезқазғандықтар да бұл ұжымды құшашақ жая қарсы алды, оның актерлік курамы да нағыз өнер адамдарына тән пейілмен, шарттылықсыз ортамызға сәнімен сіңсіп кетті.

Мұнда келgelі де бұл ұжым табыстан кенде емес. Алдыңға жылы Бішкек қаласында өткен «Наурыз» халықаралық театрлар байқауында жүрделі орынға ие болып келсе, өткен жылы F. Мұсреповтың мүшелтойына арналған Қазақстан театрларының бәсекесінде ұлы жазушының «Қозы-Қөрпеш — Баян-сұлу» драмасын өзіндік шешіммен сахналаған

ұжым бас жүлдені женіп алды. Театрдың өзінің 20-жылдық мерейтойы да дүркіреп өткізілді. Сол жолғы думанға арнайы қатысқан қазактың түнғыш ұлттық көсіпкөй режиссері, профессор А. Тоқпанов ақсақал бұл ұжым мен оның актерлерінің мүмкіндігіне үлкен үміт артатындығын сеніммен айтты.

Шындығында да, театрдын көп жылдан бергі режиссері Ж. Хаджиевтің таудай талабы бар, талғамы терен, шешімі тосын көркемдік басшы екендігіне дау жок. Эйткенмен, ұжымдағы көптеген актерлердің табиғи дарынымен коса ізденімпаздықтарының жалпы ортақ табысқа негізгі тиянак болып жүргендергін айту қажет. Театрда бүрыннаң Республикаға енбекі сіңген артист атағы бар Ш. Есенгурова, Р. Хаджиеva, А. Ысмағұлов, С. Карабалиндерге өткен жылы осы атакқа не болған Т. Рақышева, С. Бұлғақбаев қосылды. Ал, Д. Жанботаевка - Казақстан Республикасының халық артисі күрметті атағы берілді. Қойылым жағынан меңгеруші З. Матакова енбекі сіңген мәдениет қызметкері атағына бұдан бүрын не болған.

Театр ұжымы лайықты ізбасар дайындауды естен шығармайды. Өткен күзден бастап театр жаңынан екі жылдық жас актер студиясы жұмыс істей бастады.

Облыста өнердің өзге де салаларың таңу мән дамытуға назар аударылып келеді. Әсіресе, қазақ халкының өзіне ғана тән бірегей, аса бір қастерлі және сирек кездесетін, ұлттық өнерінің шыны іспеттес айтыскерліктің бұлағын ашып, арнасын көнектігеп аз күш жұмсалған жок. Бұл жөнінен 90-шы жылдардың орта тұсынан бергі кезең мейлінше олжалағы болды.

Облыстарғы сұрыпсалма айтыскерлеріміздің өздерінің ақындық қуаты мен тапқырлық қабылетіне сенімін арттырып, көздерін жеткізген жерлесіміз, айтыстың осы заманғы байрақшы-бастаушысы Жүрсін Ермановтың ұйымдастырған телесайысы болды. Небір айтыс дәстүрі қалыптасқан облыстармен бәсекеге түсken жезқазғандықтардың республикада екінші орынға шығуы біраз ақындарымызды барша алаш

жұртына танытып қана қойған жок, оның үлкен олжасы сол — көптеген уылжыған жас өрім айтыскер жастар сұрыпсалма ақындар легіне келіп қосылды.

Сол тұста облыс намысын көркіті өлөндерімен, жарқылдаған шешендігімен қорғаған Ш. Ділдебаев, Д. Жұмасейітов, Р. Сәттібаев, А. Ербозов, М. Шәкенов, А. Қорғанбаева, С. Бөлекенов, тазша бала аталған өтірік өлеңге құмар Б. Сұлкеев, осы лекке сәл кейінрек қосылған К. Мақсұтов, «даридал» М. Сейтқазинов, Ф. Ештанаев айтыс өнерін әуелетіп тастаған топ деуге толық хұқылымыз.

Кейінде қосылған буынның ішінде Ә. Омаров, С. Жұмкина, Е. Мұсабеков, А. Аманбаев, Б. Байжантаев, Ж. Жарайғапов, Ж. Абдуллаева, А. Қептербаева, Н. Эбжанов, С. Жұмасейітов бәйгелерінің білігі әлі алда, көп үміт күттіретін жас талаптар.

Айтыспен катар ән мен күйдің жүруі заңды дүниe. Десек те, кейінгі кезеңде түпкірде көпке дейін қалып қойған жырыш-термешілердің өнерінің жаңғыра шығуы да ірі құбылыстардың бірі болды. Әнші-термешілер М. Есмұқанова, А. Қорғанбаева, Б. Нұргалиева, С. Оспанов, М. Қожахметов, Б. Сұлкеев, күйші А. Тұрсынбековтердің өнерлерінің республика көрерменіне сәүулеленіп көрінгені де, танылғаны да осы кезеңге тұстас. Ал, осылардың арасынан бұрыннаң топжарған талант иесі, сегіз қырлы, бір сырлы, өз өнерінің қадірін де білетін, өзгеге де таныта алатын, осы заман серісі Шынболат Ділдебаев жырау-жыршылыққа ойсуы де тегін болмады. Ол өнерімен ел еркесі ғана болып қойған жок, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңгэн мәдениет қызметкері атағына не болды. Қазір ақын, жыршы-термешілердің Республикалық Одағының Жезқазған бөлімшесінің төрагасы .

Ән-музыка өнерін дамытуға мезгілінде үлкен үлес қосқан дирижер К. Сайжанов, концертмейстер А. Жұмашев, кейінде осы саламен тындырымды шұғылданып жүрген К. Стамбакиев, Ж. Жұзбаев өнерпаздар мен өнер сүйер кауымға әбден таныс.

Әрине, өнерді жаңғырту мен дамытудың жолдары көп. Дегенмен, өз облысымызға ғана тән соны жолдарын атап ләзім болар. Кейінгі жылдары көпүлттү ортаның сан қилы

сахна өнерін жетілдіру мақсатында «Байқоңыр дауысы» фестивалі дәстүрлі өнер мерекесіне айналды. Оған өз өнерпаздарымыз ғана емес, басқа облыс, тіптен республикадан тыс жерлердің танымал көркемөнерпаздар ұжымдарын шақыру фестивальге ерекше әр беріп жүр.

Ал енді фольклорлық өнер тойы деуге тұрарлық «Ұлытау үні» фестивалі де жүртшылық ынтыға күтіп, ризашылықпен тамашалайтын декадаға айналды. Такырының немесе әйгілі жерлестеріміз бен өнерпаздарға арналған шығармашылық кештен бастап айтыспен аяқталып жүрген бұл фестиваль елді елеңдетерлік, рухани ләzzат таратарлық дәстүрлі өнер мерекесі болып жүр. Әлбette, оны өткізу жылдан-жылға жетілдіріле, түрлене береді. Мысалы, биылғы фестиваль аясында «Әнші балапан», «Жұлдыз-92» жас таланттар конкурсы қоса өтті. Оның алдында «Сиқырлы қазан» тележарысында біздің облыс командасы қарағандылықтардан басым түскен болатын.

Бұлардан тыскары Сайдалы Сары Тока ағындағы күйшілер сайысы, Құләш Байсейітова атындағы әншілер конкурсы өткізіліп жүр. Жастар жөніндегі комитет мұрындық болып «Студент көктемі» фестивалі де балғын талапкерлердің өнері таразыға түсетін іргелі шаралардың бірі.

Кейінгі жылдары ұлттық-мәдени орталықтардың шоғырлануы, оларда өнер ұжымдарының қалыптасуы да ықпалды үрдістердің біріне айналды. Қазіргі кезеңде жергілікті ұлттық өнер ұжымдарымен қатар орыс, украин, неміс, корей, шешен-ингуш, башқұрт-татар ұлттық-мәдени әрталықтарының өнерпаздары да уақыт озған сайын көпшілікке таңыла бастады.

Қоғамдық сана жетілген сайын ұлт мақтанышына айналған әйгілі жерлестерімізді теренірек тануға, олардың арауқтарын аспандатуға деген үмтүліс күшіне түсude. Таяудағы 3-4 жылдың өзінде ақындар Шортанбай, Қожабай, Әсет, Нарманбет, Шашубай, Тайкан, Маясар, Болман, Қенішбай күйшілер Сайдалы Сары Тока, Қыздарбек, Ықылас, әншілер Манарабек, Құләш, ақын-жазушылар Сәкен, Баубек, Мұқан, Жүсілбай, Жақандардың мүшелтойлары үлкен бұкараталық сипат алған тойлар болып өткізілді.

Сонымен қатар атактары жер жарған ел көсемдерін, ха-

лық батырларын, әйгілі би, шешендерді еске алу да дүбірлі мереке-аска үласуда. Акжолтай Ағыбай батырдың, Әлихан Бекейханның, Жакып Ақбайдың, Әлімхан Епмектін, Карапенде бидін, К. Н. Сәтпаевтың, академик Ө. А. Байкоңыровтың күрметіне жасалған ғылыми тұжырымдар, салтанат-астар көлемі жағынан бұл гасырдың айтулы оқиғаларындаі деңгейдегі шаралар болды.

Ендігі бір әдемі жетіліп, дәстүрге еніп келс жағқан құбылыс — есімін ел құрметтеген ақын-жазушы, ғалым, өнср қайраткері, көзмәдік белсенгерлерді мезгілінде кошаметтеу. Кейінгі жылдары ақын-ана Н. Бәрменбаеваның, академик Т. Шармановтың, жазушы-публицист К. Сматыловтың, ақын К. Салыковтың, жазушы-драматург С. Сматасевтың, ғалым-жазушы А. Сейдімбековтың, жазушы Ө. Қаріповтың, өнерпаздаң Ш. Ділдебаев, Ж. Сейілов, Ж. Әлімханов, К. Ессеңев, А. Және Р. Байбосыновтар үйелменінің, ағчының Б. Және А. Есмұхановтарлың. С. Оспановтың, Е. Мухамединнің, Б. Қошеноғантың, М. Есмұханованың, Т. Жұмабековтың, З. Иманбаеваның мерейтойлары мен шыгармашытық кештері откізіліп, ел жағында калды.

Шыгармашылық интеллигенция арасында ақын-жазушылардың көфандық ықпал аясы кен. Бұрын әркайсысы өз ошағын өзі қаузап жүрген олар осыдан екі жыл бұрын С. Сейфуллин атындағы әдеби бірлестікке бірігіп, оған көтөраға болып А. Қаражігітов пен А. Белаш сайланған. Өткен жылы бұл бірлестік «АҚҚҰС» Одағы болып кайта құрылды. Казіргі күні осы Одаққа топтаскан бұрыннан Казакстан жазушылар Одағының мүшелері болған тәнімдат каламгерлерімің А. Жұмалілдін, Б. Эшімов, К. Жүнісов, Ө. Қаріпов, А. Қаражігітов, Ю. Груниндермен қатар Х. Жаманов, С. Оразаев, С. Нәкенов, Х. Дәрібаев, К. Ахметов. Т. Әлжанов, тағы басқа көптеген ақын-жазушылар әнімді әнбек етуле «АҚҚҰС» бірлестігінің басқасымен облыстыры 31 ақынның етенден топтамасы «Сарыарқа саздары» деген атпен шыгарылды. Былдың өзінде бірнеше топтама жеке жинактар шыгару жоспарлануда

Сонымен қоса қылқатам шеберлері мен қотөнер шеберлерінің туындыларын насиҳаттау жөнінде бірақ жұмыстар аткарылып келеді. Сүретшілер О. Секемановтың, Ж. Май-

линиң майлы бояулы кескіндемелері, С. Байжігітовтің ағаштан, теріден жасаған бұйымдары, Т. Эбдіғұловтың домбыралары ерен талғам мен хас шеберліктің үштасқандығын дәлелдейтін бұйымдар.

Әрине, жалпы өнер, мәдениетке байланысты ауқымды жұмыстарды үйлестіру, үйымдастыруды негізгі салмақ мәдени мекемелердің мойындарына жүктелген. Откен 20 ішінде олардың жалпы саны да үлгайды, жұмыс аясы да кеңеңе түсті, Жалпы кітапханалар саны 44-ке көбейсе, клуб мекемелері 113-ке, киноқондырылар 200-ге көбейді. Облыс ашылғандағы жалғыз мемлекеттік музей болатын, казір олардың саны сегіз.

Мәдени мекемелердің ендігі бір еншісі өмірінде жұмыс салаларының бірі тарихи-мәдени ескерткіштерді корғау. Олардың ғылыми топтамасы әзірленуде, Ұлытау музей-корығы ашылды. Ендігі жерде Қызыларай үлттық паркі, Ортау—Қызылтау, Дарал—Ақтау шығыры, Талды тарихи-археологиялық аймағын да мемлекеттік мекемелер арқылы бакылауға алу міндеті түр. ЮНЕСКО-дан бастап Ю. Сенкевич бағаған жиһангерлер клубын қызықтырған әуескій «Жәдігер» тобы түйе керуенмен 1991 жылы Отырар — Ұлытау «Кіші жібек жолы» экспедиция үйымдастырыды.

Откен жылдың аяғында облыс мәдени өмірінде екі ірі окиға өтті. Бірі қазақтардың Дүние жүзілік күрүлтайына қатысушы шетелдік конактардың Жезқазған—Ұлытау енірінде болуы мен Қазақстан халықтары форумының костанайлық делегациясының Жезқазғанда болуы.

Осының алғашқысына жиналған салтанатта халықаралық «Ұлытау» мәдени-тарихи корын құру жөнінде шешім қабылданған болатын. Бұдан тыс облыс әкімшілігі жаңынай ғылым, мәдениет және өнерді дамыту жөнінде кор құрылды. Осы кор қаржысына облыс тарихын жазу жөнінде редакция алқасы жұмыска кірісп кетті. Сонымен бірге осы кор ғылым саласында Ө. Байқоныров, қоғамдық-саяси қызмет жөнінде Э. Бекейхан, әдебиет саласында С. Сейфуллин, өнер саласында К. Байсейірова, спорт саласында Қажымұқан атындағы жұлде белгіледі.

Оның алдында облыстық әкімшілік жаңында Республикада туңғыш рет казак тілінің ғылыми-әдістемелік орталық

## **КҮРҮЛҒАН БОЛАТЫН.**

Облыстың рухани мұрасын байыту және насихаттау жөнінде облыстық телерадиокомпания, облыстық, аудандық газеттердің ролі барған сайын артып келеді. Дәстүрлі бағдарламаға «Дидар» арнасы қосылды, басылымдар катарына «Арқа», «Өмір» журналдары, «АСУ» үнпарағы қосылды.

Жезқазған облысының қалыптасқан рухани болмысы күн озған сайын арайлана түсетініне сенім мол.

## **ҚОҒАМДЫҚ — СӘЯСИ ҮРДІС ЕКПІНІМЕН**

Күні кеше, оның үстінен көз алдында ғана емес, өзінің тікелей араласуынмен өткен қоғамдық-саяси өзгерістерге уақыт баспалдағына шынтықтап баға беру аса абырай әпермейтін әрекет. Жалпы, ол — тарихшы, саясаткерлердің сыйбагасы. Біздің міндетіміз әлдекайда сыйпайырак: облыс құрылғаннан бергі кезеңді осы негізгі-ау деген оқиға, құбылыстарды адамдар арқылы жылнамашы-шежірелердің дәстүрімен қысқаша шолу.

Әлбетте, бәрі Республика Жоғарғы Кеңесінің Жезқазған облысын күру жөніндегі осының алдында толық жөлтірілген Указынан басталды. Мұндай шешімнің, тосын кабылданбайтыны өзінен-өзі түсінікті. Алдынала пікір, дәйектеме жинақталады. Эйтсе де, жалпы жүртшылықка бұл улкен де, ойланыратын да жағаңылғы еді. Сонымен, бір үміт, бір күдік күндер 1973 жылғы 20 наурызынан басталған болатын.

Ол кезең кейін тоқырау заманы деп ен тағылған коммунистік партияның билік күші өз қолында тұрган шағы болатын. Сондықтан, Жоғарғы Кеңестің шешімі де алдымен Республика, Одақ Орталық Комитеттерімен келісілгендейте таңдануға болмайды. Сол себепті Указдың соңынан Орталық Комитеттің Жезқазған облысы бойынша үйымдастыру бюросы құрылуы табиғи оқиға.

Сол тұстағы СОҚП Саяси Бюросының мүшесі Казакстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамет Ахметұлы Қонаевтың қатысуымен Жезқазғанда наурызда өткен жаңа облыс партия белсенгерлерінің жиналышынан кейін үйымдастыру бюросының мүшелері іске қызу кіріспін кетті.

Әрине, алғашқы кезенде кімге де болса оцай тиген жоқ. Жұмыс орнынан бастап, күнделікті баспананың өзі толық шешілмей тұрғанда қыруар жұмыстың басын құрап, бір арнаға түсіруге біліктіклен қоса, табандылық пен азаматтық төзімділік қажет болатын.

Қалай болғанда да облысқа тән негізгі құрылымдар төзі арада айқындалып, іске кірісу керек еді. Ен алдымен негізгі жетекші күш — партия комитетін қалыптастыру міндетті тұрды.

1973 жылғы 13 сәуірде облыстық партия үйімінің тұңғыш конференциясы болып өтті. Шекесінде әдetteгідей «Аса құпия» деген белгісі бар конференция қаттамасына жүргінейік. Конференцияға 399 делегат сайланған, оның 375-і шешуші дауыс, 23-і кенесші дауыс хұқына ие. Құн тәртібінсө облыс партия үйімінің шаруашылық және мәдени құрылымсқа партиялық басшылықты қүшейту міндеттері, облыстық комитет құрамын және облыс партия үйімінің тексеру комиссиясын сайлау енгізілген.

Конференция үсынған мәселелерді талқыладап, үйімдастыру мәселесін шешті. Облыстық партия комитетінің бірінші секретарды болып К. С. Лосев, секретарларды болып К. С. Салыков, Ж. А. Арапбаев, Н. Ы. Ыбыраев, Л. Н. Иванченков сайланды. Үйімдастыру пленумында партия комитетінің бөлім менгерушілері да бекітілді: үйімдастыру бөліміне Н. И. Макаренко, насиҳат және үгіт бөліміне В. В. Самойленко, ғылым және оқу орындары бөліміне А. А. Ракымжанов, ауыл шаруашылығы бөліміне В. И. Рогов, курылым бөліміне Э. Ф. Сілейменов, қаржы-шаруашылық бөліміне С. Ж. Болатбеков менгеруші болып бекітілді. Бөлім менгерушілері орынбасарларының ішінде Т. К. Қызырбаев (маркұм), С. Ж. Дүйсебеков, М. М. Мусин жүртшылық жағында.

Бұдан кейін іле кәсіподактардың облыстық үйімінің конференциясында оның кенесінің төрагасы болып Ж. Ш. Калмағанбетов сайланды. Ал облыстық комсомол конференциясында үйімінің бірінші секретары болып М. К. Шәкенов сайланды.

Осыдан сәл кештеу, маусымның 27-інде халық депутаттары облыстық кенесінің бірінші сессиясы болып өтті. Онда халық шаруашылығы жоспарын орындаудағы кеңестердің

міндеттері мен облыс бюджеті туралы мәселе қаралды.

Сессияда облыстық кеңестің төрағасы болып Қамза Бижанұлы Жұмабеков, бірінші орынбасары болып В. М. Мажура, орынбасарлары Б. Досанов, Ж. Жанаев, А. С. Полтавский, секретарь болып Л. И. Бутина сайланды.

Атқару комитетінің негізгі бөлімдеріне С. Х. Әмзинов (аудыл шаруашылығы), К. А. Аманов (қаржы), Ә. С. Әділханов (денсаулық сактау), Қ. М. Мәкенбаев (мәдениет)- С. Ж. Мұстафин (сауда), Қ. Ш. Шыңғысов (халық ағарту), Б. Ә. Әбдікәрімов (кәсіптік-техникалық білім беру), М. Қ. Құрманов (ішкі істер), бекітілді.

Облыс құрылған шақта аудан мен калалардагы партия комитеттері мен атқару комитеттерін басқарған, яғни, әкімшілік-территориялық бөлініске сәйкес сол жердің экономикасы мен әлеуметтік жағдайына ие басшыларды атап өтудің танымдық мағынасы бар: Жезқазған (О. А. Асылбеков, В. Т. Лейченков), Балқаш (Ж. Ә. Эбуғалиев, Г. П. Юрченко), Каражал (В. М. Мурзин, Ж. Х. Мұстафин) Ақадыр (К. Б. Жұмашев, Қ. М. Медиев), Ақтогай (Ж. Ш. Шайдаров, Ж. Ұ. Үйдірысов), Жанааарқа (М. М. Медеубаев, А. Қ. Свистунов), Жезді (М. Т. Төрекелдин, Б. Қ. Қапанов), Шет (К. Ж. Даүсембеков, В. М. Кондрakov) және Ұлытау (М. А. Абақанов, С. Д. Досанов).

Одан кейінгі жылдары түрлі себептермен босаған облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметін Н. Г. Давыдов, Е. Г. Ежиков-Бабаханов атқарды. Облыстың соңғы партия «серкесі» Ю. В. Груздев тұсында Компартия сонау орталықтан бастап тәмненгі буынға дейін талықсын барып, күйреп ыдырады.

